$$3) \quad \alpha = \frac{2.4}{1.2 \cdot 10^{26} \cdot 3.2 \cdot 10^{-19} (56.6 \cdot 10^{-4} + 80 \cdot 10^{-4})} = 2.1 \cdot 10^{-4}$$

$$4) \quad \alpha = \frac{2.4}{1.2 \cdot 10^{26} \cdot 3.2 \cdot 10^{-19} (56.6 \cdot 10^{-4} + 80 \cdot 10^{-4})} = 2.1 \cdot 10^{-4}$$

Тәжірибенің бірнеше рет қайталанып жасалуына байланысты 3 рет

өлшемдерді салыстыра отырып, ортақ нәтижесін алып тұрғызылған сызба төменде берілген.

Судағы мыс купоросының әртүрлі салмақтағы ерітіндісінің электролитті диссоциация дәрежесі нәтижесінің сызба түріндегі бейнесі:



1-сурет – Мыс купоросы судағы ерітіндісінің электролитті диссоциация дәрежесінің концентрацияға тәуелділігі

Жүргізілген тәжірибенің қорытындысы бойынша, мыс купоросының судағы ерітіндісінен әлсіз электролит пайда болды. Заттардың көпшілігі ерітінді күйінде реакцияға түсетінін ескеру қажет. Мыс купоросының иондарға ыдырау су молекуласының қатысуымен жүзеге асады.

Сызбада көрсетілгендей 6% ерітінді концентрациясында электролит дәрежесінің жоғары көтеріліп, қайта төмендегені көрінді. Бұдан шығатын қорытынды теориялық мағлұматтарда көрсетілгендей тәжірибе нәтижесі де соған сәйкес келді.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Матвеев А.Н. Электричество и магнетизм: учебное пособие. 3-е изд., стер. / А.Н. Матвеев. – СПб.: Издательство «Лань», 2010. – 464 с.: (Учебники для вузов. Специальная литература).
2. Сакенова Р.Е. О теории теплоемкости жидкостей / Р.Е. Сакенова, А.М. Павлов // Сборник материалов Российско-Казахстанской молодежной научно-технической конференции / Алтайский государственный университет. – Барнаул, 2013. – Б. 57-60.

REFERENCES

1. Matveev A.N., *Jelektrichestvo i magnetizm. Uchebnoe posobie. 3e izd., ster. SPb. Izdatel'stvo Lan', 2010, 464 s. Uchebniki dlja vuzov. Special'naja literature (in Russ).*
2. Sakenova R.E., *O teorii teploemkosti zhidkостей. R.E. Sakenova, A.M. Pavlov. Sbornik materialov Rossijsko Kazahstanskoy molodezhnoj nauchno tehnicheckoj konferencii. Altajskij gosudarstvennyj universitet. Barnaul, 2013, 57, 60 (in Russ).*

ӘОЖ 004.4

Ж.З. ЗЕЙНЕЛҒАБИ, А.Т. УАЛҒАНОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

**ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Мақалада студенттерді оқытуда заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың дербес тәжірибе жайындағы мағлұматтары келтіріледі, соның ішінде, зертханалық сабақтарда Hypercam, QuizMaker, IspringFree бағдарламаларының мүмкіндіктерін қолданылуы қарастырылады.

Түйін сөздер: Hypercam, QuizMaker бағдарламасы, Ispring_Free, ақпараттық технологиялар, инновациялық оқыту.

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ НА ЛАБОРАТОРНЫХ ЗАНЯТИЯХ**

В статье приводятся сведения о частном опыте применения современных информационных технологий обучения студентов, в частности, рассматривается использование возможностей программ Hypercam, QuizMaker, IspringFree на лабораторных занятиях.

Ключевые слова: Hypercam, QuizMaker, IspringFree, информационные технологии, инновационное обучение.

**REGARDING THE USE OF MODERN INFORMATION TECHNOLOGIES
ON LABORATORY CLASSES**

This article provides information about the particular experience of the application of modern information technologies of training of students, in particular, the use of the opportunities of programs Hypercam, QuizMaker, IspringFree on laboratory classes.

Keywords: Hypercam, QuizMaker, IspringFree, information technology, innovative teaching.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында қоғамымыздың көптеген салаларында елеулі өзгерістер орын алып, еліміздің экономикалық, рухани-интеллектуалдық дамуының стратегиялық бағыттары мен басымдықтары анықталды. Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік даму бағытындағы өзгерістер оның білім беру саласымен тығыз байланыста өрбитіні сөзсіз. Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің стратегиялық міндеті ретінде ұлттық білім беру жүйесінің жетістіктері мен ұлттық педагогикалық құндылықтарды сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің қазіргі заманғы болашағы бар бағыттарына сәйкестендіру мақсатын ұстанды және бүгінгі күні де осы бағытта жұмыс істеп келе жатқаны белгілі. Ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне енуін қамтамасыз ету үшін жасалған қадамдар еліміздегі педагог кадрлардан үздіксіз дамытуды қажет ететін кәсіби-педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Қазақстандық білім кеңістігін әлемдік білім беру үрдісімен сәйкестендіру аясында Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту бағдарламалары мен тұжырымдамалар жасалынып, заңнамалық негіздері айқындалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттары: еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу; өмір бойы білім алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру – еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның өзгеруі және әлемдік еңбек нарығының түлектерге деген талаптарының өсуі жағдайында білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі жоғары сапалы білімді қамтамасыз ету және жоғары білікті мамандарды дайындау болып табылады. Сол мақсаттарға жетудің бір жолы ретінде білім беру жүйесін ақпараттандыруды айтуға болады. Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушылар мен студенттерді тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі

тиімді араластыру болып табылады.

Қазіргі кезде біздің қоғам дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең — ақпараттық, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар кезеңі. Компьютердің мүмкіндіктерін психологиялық және дидактикалық тұрғыда талдап, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолдану, ішкі тиімділігіне көңіл бөлу оқытушының шеберлігі болып табылады. Компьютердің графикалық мүмкіндігі арқылы студенттердің жаңа сабақты бояулы суреттермен, тірек сызбалармен, кестелермен меңгеруіне жол ашады. Компьютерді оқытушы әртүрлі мағлұматтар, қосымша ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Электрондық оқулықтарды енгізу уақыт үнемдейді, оқытушы араласпай-ақ студенттер өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Сол себепті, педагогтер де өз қызметінде бұл өзгерістерді жүзеге асырулары тиіс. Білім саласында ондай жаңа өзгерістер «Білім берудегі АКТ» ұғымымен, «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б. тіркестермен тығыз байланысты [3, 4]. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану — білім беру жүйесінде қазіргі заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Қазіргі күнде компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құрудағы негізгі қадамдар болып отыр. Дегенмен де, бұл алғышарттар білім беру жүйесін толығымен ақпараттандыруға әлі де жеткіліксіз. Болашақта осы заманның ағымына үйлесетін, жаңа «ақпараттық қоғам» талаптарына төтеп беретін мамандар даярлауда, жаңа инновацияларды сабақ барысында жүзеге асырып, білім беру жүйесіне кеңінен кірістіру керек. Білім беру үрдісінде оқып-үйренетін ақпараттық ресурстар, яғни сапалы тестілеу бағдарламалары, «үйрететін» компьютерлік ойындар, мультимедиялық бағдарламалар болмаса білімді ақпараттандыру мүмкін болмайды.

Уақыт бір орында тұрмайды, ақпараттық, компьютерлік технологиялар қарқынды жылдамдықпен дамып, күннен-күнге өзгеріске ұшырап отырады. Пайдаланып жүрген ақпараттық ресурстар ескіріп, компьютерлік бағдарламалар жаңарып отырады. Дегенмен оны оқу үрдісіне кірістіру — заман талабы. Әсіресе, информатика және компьютерлік технологиялар саласында жұмыс жасайтын болашақ мамандарды даярлауда жаңа инновациялық технологияларды, соның ішінде заманауи ақпараттық оқыту технологияларын пайдалана оқыту ауадай қажет. Жалпы «инновациялық оқыту» дегенді келесідей түсіндіруге болар еді:



1-сурет – Инновациялық оқыту моделі

Суретте көрініп отырғандай, инновациялық оқытуда үнемі жаңару, жаңа технологияларды меңгеру деген ұғымдар бар. Сабақ беруде бұл жаңалықтарға ілесіп, оларды қолданып отыруға үлгеру қиынға түседі. Соңғы жылдары оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды, білім берудегі инновацияларды өз бағдарламаларының аясында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы қамтып отыр. Педагог мамандар үшін бұл бағдарламаның үлесі зор деуге болады. Біліктілік бағдарламасының мақсаты – оқытудың заманауи технологиялары саласында және еліміздің жоғары білім жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін оқыту мақсатында ЖОО-дағы педагогикалық мамандықтар бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру. Біліктілікті арттыру курсы негізгі 4 модульді құрайды:

1-модуль. «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер» модулі оқытудың сапасын арттыратын заманауи әдістер мен амалдарды қолдана отырып құрылған. Тыңдаушыларға оқу үдерісі мен студенттердің оқу жетістігінің жемісті болуын қамтамасыз ету мақсатында әсерлі стратегиялар мен әдістер, оқыту технологиялары ұсынылды. Оқытуда «дайын білімнің ұсынылуы» концепциясынан «білім – орнығу» концепциясына өтуді шынайылыққа айналдыратын инновациялық амалдар ұсынылды.

2-модуль. «Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру технологиялары» модулі оқытуды аналитикалық тұрғыдан қарастыруға, оқу үдерісінде студенттердің зияткерлік күш-жігерлерін кеңіту үшін жаңа көзқарастар арқылы

жаңа әдістерді дамытуға, студенттердің сыни және шығармашылық ойлауын ынталандыру, студенттерді түсінуге, қиын мәселелерді жоспарлауға және шешуге үйретуге мүмкіндік беретін әртүрлі құрылымдарды нақтылайды.

Курстың бұл модулінде төмендегідей мәселелер қарастырылды:

- мультимедиа ресурстары мен құралдарын пайдаланудың кемшіліктері;
- кейс әдісі;
- кейс әдісі және оның тиімділігі;
- педагогтің портфолиосы;
- мәселелік оқыту және жобалау әдісі;
- студенттердің өзіндік жұмысы;
- эссе.

3-модуль. «Білім нәтижесін бағалау жүйесі» модулі білімгерлердің оқу жетістіктерін бағалау жүйесін, сыни және жинақтап бағалау негіздерін, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білімнің жинақтаушы жүйесін игеруге арналған. Мұнда білімгердің өзіндік жұмысына көбірек көңіл бөлінеді.

4-модуль. «Оқыту мен білім берудегі заманауи сандық технологиялар» модулінде оқытылған жаңа ақпараттық технологияларды, бағдарламаларды зертханалық сабақтарда тиімді пайдалануға болатындықтан, практикада жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, «Нысанды-бағытталған тілдерде бағдарламалау» пәнінің зертханалық сабақтарында HyperCam, QuizMaker, IspringFree сияқты жаңа көмекші бағдарламалар қолданылып, тиімділігі зерттелді. Бір артықшылығы – бұл бағдарламаларды интернеттен ашық қатынауда тегін жүктеуге болады.


Ispring Free бағдарламасы PowerPoint презентацияларын Flash файлына, видео және анимациялық эффекттерінен қолдана отырып, конвертациялайтын бағдарлама болып табылады. Бағдарлама Microsoft-тың слайдтар жасайтын утилитасы болып табылады және де анимациялық презентациялар жасауға өте ыңғайлы, ал Flash болса, әмбебап форматтың барлық артықшылықтарын қамтиды: құжаттарды кез келген компьютерде кез келген браузердің көмегімен қарап шығуға болады және олар жадыда аз орын алады. Сондықтан да оқытушыға жаңа тақырып материалдарын студенттерге ұсынатын ыңғайлы құрал болып табылады.

IspringFree__бағдарламасының көмегімен презентацияны жариялау алгоритмі:

- презентацияны ашу;
- iSpringFree-ге басу;
- Quick Publish-ке басу керек;
- егер Convert түймесі пайда болса оны да басу қажет;
- әлбетте дайын болған жариялау бар папка Құжаттар → Prasentions папкасына түседі.

Практикалық және зертханалық сабақтарда қолдануға ыңғайлы тағы бір бағдарлама – HyperCam. HyperCam-ның мүмкіншіліктерін келесідей сипаттауға болады:

- компьютер экранында көрсетіліп жатқан бейнелерді AVI, WMV/ASF форматтарында жазу;
- жазылатын видеобейнелер мен дыбыстарды ықшамдау;
- HyperCam Медиа Редактор арқылы дайындалған видеоларды өңдеу;
- қарапайым және ыңғайлы интерфейс;
- керекті ескертулерді мәтін ретінде жазу;
- берілген терезешені немесе керек аймақты жазу;
- жазу кезінде кідіріс жасау мүмкіншілігі бар;
- Skype сеанстарын жазып алуға болады;
- overlay режимінде жазып алу.



2-сурет – HyperCam бағдарламасы

Сондықтан да HyperCam бағдарламасы зертханалық сабақтарда қолданылатын таптырмас көмекші құрал деп айтуға негіз бар. Себебі студенттер аудиториядан тыс тапсырмаларын өз бетінше орындағанын осы бағдарлама көмегімен бақылауға болады. Яғни бұл бағдарлама дыбысты және компьютер экранында көрсетіліп жатқан бейнелерді түсіріп, сапалы видеобейнені жазуға мүмкіндік беретіндіктен, студент жеке тапсырманы орындай отырып, біздің жағдайымызда Borland Delphi 7 тілінде жоба құру жұмысын, іс-әрекеттерін түсіруімен қатар, тапсырманы орындау барысын дауыстап түсіндіріп жазатын болады.

Нәтижесінде, студент жұмысын шағын видеоролик ретінде сақтап, қорғауға ыңғайлы түрге келтіреді. Сондай-ақ бұл бағдарламаның көмегімен жаңа зертханалық тақырыпты түсіндіру кезінде, компьютерде орындалу процесін бейнеролик түрінде сақтап, әр студентке жеке ұсынуға болады. Түсінбей қалған сәттерін студенттер видеороликті артқа

жылжытып, не болмаса тоқтатып қойып қайта көретін болады.


Сабақ соңын қорытындылау мақсатында FreeQuizMaker тестілеу бағдарламасын қолданудың да үлесі зор. Бұл бағдарлама қолдануға ыңғайлы интерактивті тестілер жасауға және пікіртерім жүргізуге арналған құрал болып табылады.

Жасалған тестілерді жариялау қадамдары келесідей:

- тестіні ашу;
- жоғарыдағы Publish түймесін басу (сол жақта LMS не Word емес, Web тандалынып тұруы қажет);
- Browse түймесін басу және қайда сақтау керек тігін көрсету, OK батырмасын басу;
- төмендегі Publish түймесін басу қажет;
- бәрін жабу.

Нәтижесінде үш файлы бар папка пайда болады.

Жасалған тест веб-сайтта жариялануға немесе SCORM/AICC стандарттарымен үйлесімді қашықтықтан оқыту жүйесіне жүктеуге ыңғайлы Flash файл түрінде де әзірлеуге болады. Бағдарлама 3 түрлі типтегі сұрақ жасауды ұсынады. Сонымен қатар төлемді нұсқасын қолдануға да болады, ол 10 типті сұрақ жасауды ұсынады, әрбір сұраққа аудио, видео және бейне қосуға болады.



3-сурет – Free QuizMaker бағдарламасының көмегімен жасалған тест фрагменті

Байқалып отырғандай, қарастырылған бағдарламалардың студент үшін де, оқытушы үшін де ұтымды жақтары көп. Осындай жаңа ақпараттық

технологияларды сабақ беруде қолданғаннан оқу үрдісінде біраз нәтижелерге қол жеткізуге болатыны сөзсіз [2]. Сөз соңында, білім беруде оқытудың озық технологияларын, соның ішінде ақпараттық технологияларды кеңінен пайдаланбайынша қазіргі заман талабына бейім толыққанды маман даярлау мүмкін емес деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мынбаева А.К. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие / А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова. – Алматы, 2009.
2. По материалам Специализированного образовательного портала Инновации в образовании [Электронный ресурс] // <http://sinncom.ru>.
3. Бұзаубакова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология: оқу құралы / К.Ж. Бұзаубакова. – Алматы: Жазушы, 2004. – 28-52 бб.
4. Мұханбетжанова Ә. Білімді интеграциялау процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану / Ә. Мұханбетжанова, А. Қасымова // «Білім/Образование» журналы. – 2006. – №4(22). – 11-13 бб.

REFERENCES

1. Minbaeva A.K., Sadvakasova Z.M., *Innovationnii metody obychenia, ili kak interesno prepodat. Uchebnoe posobie. Almaty, 2009 (in Russ)*.
2. *По материалам Специализированного образовательного портала Инновации в образовании. Electronni resurs. <http://sinncom.ru>. (in Russ)*.
3. Byzaybakova K.ZH., *Zhana pedagogikalik tehnologia. Oqy kyrali. Almaty, Zhazyshi, 2004, 28 (in Kaz)*.
4. Myhanbetzhanova A., Kasymova A., *Bilimdi integrasialay prosesinde zhana aqparat-tiq tehnologialardi qoldany. Bilim. Obrazovanie zhyrnali, 4, 22, 2006 (in Kaz)*.

УДК 004.528

А.С. КАДЫРОВА, А.С. КЕНЖЕГАРАЕВА

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ИЗУЧЕНИЕ ПРОЦЕССОВ АВТОМАТИЗАЦИИ СОЗДАНИЯ БАЗ ДАННЫХ В ТОПОГРАФО-ГЕОДЕЗИЧЕСКОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

В статье описаны процесс автоматизации создания баз данных и разработка мобильного приложения для работы с кадастровыми данными в топографо-геодезическом производстве. Приложение предназначено для оптимизации процесса создания чертежей объектов в области технической инвентаризации, а также для обработки данных с целью уменьшения временных издержек при учете объектов недвижимости и представлении сведений.

Ключевые слова: топографо-геодезическое производство, кадастровая информация, плагины Microsoft Visual Studio.

ТОПОГРАФО-ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ӨНДІРІСІНДЕ МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫН ҚҰРУ БОЙЫНША АВТОМАТТАНДЫРУ ҮРДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Мақалада топографо-геодезиялық өндірісінде автоматтандырылған мәліметтер қорын құру және де кадастрлық мәліметтермен жұмыс істеуге арналған мобильді қосымша әзірлеуі қарастырылған. Қосымша техникалық түгендеу аумағында сызба нысандарды құрастыруды оңтайландыру үрдісінде, сондай-ақ жылжымайтын мүлік нысандарын есепке алу бойынша және ақпаратты ұсынудағы мәліметтерді өңдеуде уақытты үнемдеуге арналған.

Түйін сөздер: топографо-геодезиялық өндіріс, кадастрлық мәліметтер, Microsoft Visual Studio плагиндері.

LEARNING PROCESS AUTOMATION CREATION OF DATABASES IN SURVEYING PRODUCTION

This article describes the additional annex to the AIS to work with the cards in it with the help of the program means it includes add-ins that process attribute information about the land plots, it is supplemented by a function of calculating the cost of data processing in order to reduce time costs, taking into account the objects of real estate land and presenting information.

Keywords: Surveying production base-inventory information, Microsoft Visual Studio plug-ins.

Реализация государственной политики в сфере информатизации проводится в виде формирования «электронного правительства» и развития государственных электронных информационных ресурсов, информационно-коммуникационных сетей, обеспечение их совместимости и взаимодействия в едином информационном пространстве Республики Казахстан.

Согласно внесенным поправкам в республике внедрена электронная регистрация прав на недвижимое имущество.

Суть электронной регистрации заключается в том, что государственная регистрация прав на недвижимое имущество, осуществляется на основании электронной копии правоустанавливающего документа, поступающего в информационную систему правового кадастра (государственная база данных «Регистр недвижимости», далее ГБД «РН») из единой нотариальной информационной системы автоматически, после нотариального удостоверения сделки.

В целях обеспечения граждан и юридических лиц быстрым и качественным доступом к государственным услугам и повышения эффективности функционирования государственных органов путем широкого применения информационно-коммуникационных технологий в сфере регистрации прав на недвижимое имущество была разработана и внедрена в эксплуатацию государственная база данных (ГБД «РН»).

Использование ГБД «РН» позволит вести единый автоматизированный учет прав (собственности, пользования, управления) на объекты недвижимости, что в дальнейшем позволит вести электронный взаимообмен информационных ресурсов, принадлежащих различным ведомствам.

В этой связи, в настоящее время, во исполнение поручения Министерства юстиции Республики Казахстан, проводится работа по актуализации сведений, содержащихся в ГБД «РН».

Необходимость автоматизации земельно-кадастровых работ вызывается огромным и непрерывно увеличивающимся объемом, особенно земельно-оценочных работ, содержащих массу статистических данных, требующих серьезной математической обработки и автоматизации.

Одной из актуальных проблем при формировании ГБД РН является отсутствие в регистрирующем органе полных сведений о физических лицах-собственниках недвижимого имущества. Это связано с тем, что в период проведения приватизации жилья в правоустанавливающих документах-договорах о приватизации квартир (домов), указывались только фамилия, имя и отчество собственников.

При обычной регистрации органами юстиции проставляется штамп о регистрации с указанием кадастрового номера и почтового адреса объекта недвижимости, даты и времени регистрации, подписей руководителя регистрирующего органа, исполнителя и т.д., а в случае электронной регистрации направляется уведомление о произведенной регистрации, заверенное электронной цифровой подписью регистрирующего органа, которое включает в себя запись о произведенной регистрации, дату, номер заявки и др.

Следует сказать, что раньше автоматизация земельно-кадастровых данных касалась в основном цифровых данных оценки земель и их учета.

Проанализированная нами система показателей земельно-кадастровой информации в топографо-геодезическом производстве по нашей области оказалась не статичной во времени. Одни показатели со временем теряют свою значимость для определенного уровня управления, другие, наоборот, становятся актуальными. В первом случае, потерявшие актуальность показатели могут быть исключены из процесса принятия решений и соответствующих документов. Во втором случае – необходимо сформировать новые показатели, определить для них методы и способы регистрации и контроля, ввести их в документацию и разработать систему мероприятий для их оценки и выработки по ним соответствующих управляющих воздействий [1, 2].

Работа автора во время исследовательской практики в Восточно-Казахстанском филиале «Центра недвижимости» г. Усть-Каменогорска показала потребность в создании постоянно обновляемых кадастровых данных в

электронном виде, которые автоматизировали бы работу специалиста отдела государственного технического обследования недвижимого имущества. Для выполнения этой работы необходимо иметь организованный процесс сбора информации и соответствующее программное приложение.

Государственный кадастр недвижимости является единым информационным ресурсом, аккумулирующим сведения об ограничениях использования земельных участков. Кадастр позволяет зафиксировать ограничения (обременения) использования земель в межевых планах и других земельно-кадастровых документах на владение и землепользование, контролировать соблюдение установленных требований [3].

Предварительный анализ земельно-кадастровой информации нашей области показывает, что изменились состав и информационная емкость показателей, отражающих правовое состояние земель разных категорий. Отмечено увеличение информационной емкости и интенсивности использования массивов показателей, связанных с оценкой земель, особенно таких ее частей, как оценка земель, рынок земель населенных пунктов, земель природоохранного, оздоровительного и историко-культурного назначения. Отдельные массивы показателей (данные о загрязнении земель, данные, определяющие ограничения и обременения) резко меняются по составу и количеству [4].

Нами была применена совокупность методов исследования: анализ исследований по автоматизированным системам сбора данных для кадастрового учета, рассмотрение вопросов ведения кадастра на основе системы сбора пространственных и атрибутивных данных, проектирование приложения, анализ нормативных документов, определяющих методы и средства обработки кадастра; анализ опыта применения компьютерных технологий для сбора кадастровой информации [5].

Исследовав специфику работы специалиста Восточно-Казахстанского филиала «Центра недвижимости» г. Усть-Каменогорска и рассмотрев электронную регистрацию кадастровых данных во время научно-исследовательской практики 2014-2016 учебных годов, нами было разработано мобильное приложение по созданию кадастровой информации региона (рисунки 1-5).

Разработанное приложение загружается с помощью любого браузера. Специалист, выезжая на местность, с собой берет необходимые инструменты для измерения (теодолит, тахеометр, GPS) и любое мобильное устройство (телефон, планшет, net-book), вводит все необходимые данные, автоматически формирует базу и рисует на чертеже проект, который сможет распечатать на печатном устройстве в любое время.

Для разработки программы по автоматизации была выбрана Microsoft Visual Studio 2013.

Microsoft Visual Studio – линейка продуктов компании Microsoft, включающих интегрированную среду разработки программного обеспечения и ряд других инструментальных средств. Данные продукты позволяют разрабатывать как консольные приложения, так и приложения с графическим интерфейсом, в том числе с поддержкой технологии Windows Forms, а также Web-сайты, Web-приложения, Web-службы как в родном, так и в управляемом кодах для всех платформ, поддерживаемых Windows, Windows Mobile, Windows CE, NET Framework, Xbox, Windows Phone. NET Compact Framework и Silverlight.

Технология создания ASP.NET. Фреймворк – ASP.NET MVC 5. Язык программирования – C#. Тип Web-приложений – одностраничное Web – приложение. Клиент – серверное взаимодействие – REST [6].




Рисунок 1 – Список проектов специалиста

В ходе создания баз данных для топографо-геодезического производства были применены библиотеки:

- AngularJS – Javascript MVC-фреймворк;
- Bootstrap3 – библиотека семантического макетирования и визуального оформления;
- Snap.svg – JavaScript библиотека для управления svg-графикой;
- NHibernate – библиотека объектно-реляционного маппинга;
- реляционная СУБД, любая из поддерживаемых NHibernate.

В результате анализа мобильных браузеров выяснилось, что наиболее широко и полно представлен в современных мобильных браузерах стандарт SVG, поэтому он был выбран в качестве базового при разработке данного проекта.

Для манипуляции SVG-графикой была выбрана открытая библиотека Snap.svg, позволяющая выполнять расширение собственного функционала при помощи механизма плагинов.

Разработанный проект состоит из двух основных частей:

- модуль рисования, оформленный в виде JavaScript-плагина для Snap.svg;
- ASP.NET WebApi одностраничное приложение с применением AngularJS

в качестве mvc-фреймворка для клиентской части и Bootstrap3 для макетирования и визуального оформления.




Рисунок 2 – Проект объекта недвижимости

Для реализации проекта удовлетворяющего описанным ограничениям существуют следующие варианты:

– Кросс-платформенная разработка нативного мобильного приложения с применением таких компиляторов, как фреймворк Mono и инструмент разработки Xamarin. Нативные приложения гораздо более эффективны с точки зрения производительности и при реализации возможно использование богатых графических возможностей, таких как OpenGL. Но это потребует использования дорогих устройств и систем разработки, что очень сильно увеличит стоимость реализации проекта в целом.

– Web-приложение исполняемое в браузере. Web-приложения проигрывают по производительности нативным, но выигрывают в скорости разработки и возможности использования продуктов с открытым исходным кодом

на всех этапах реализации проекта.

Так как большинство чертежей объектов недвижимости представляют собой достаточно простые схемы с количеством элементов менее сотни, то можно пренебречь относительно низкой производительностью Web-приложения.

Экспликация (форма зависит от типа объекта недвижимости)

Пример экспликации земельного участка

Всего	В том числе						
дворовое покрытие							
по документам	фактическая	застроенная	тропушки	откосы	грунт	декоративный сад	огород
799	799	90			701		

Пример экспликации помещения (При расчёте указывается 2 колонны как в примере)

№ п/п	Наименование помещений	Общая площадь	В том числе	
			жилая	нежилая
1	коридор			
2	коридор			
...				

Перейти к схеме Сохранить

Рисунок 3 – Экспликация объекта

Выбор Web-приложения в качестве типа реализуемого программного обеспечения ведёт к следующим альтернативным вариантам выбора графической базы среди следующих вариантов:

– Flash – мультимедийная платформа компании Adobe Systems для создания Web-приложений или мультимедийных презентаций. Широко используется для создания рекламных баннеров, анимации, игр, а также воспроизведения на Web-страницах видео- и аудиозаписей.

– WebGL – (*Web-based Graphics Library*) – программная библиотека для языка программирования JavaScript, позволяющая создавать на JavaScript интерактивную 3D-графику, функционирующую в широком спектре совместимых с ней Web-браузеров. За счёт использования низкоуровневых средств поддержки OpenGL, часть кода на WebGL может выполняться непосредственно на

видеокартах. WebGL – это контекст элемента canvas HTML, который обеспечивает API 3D графики без использования плагинов

– SVG – (от англ. *Scalable Vector Graphics* – масштабируемая векторная графика) – язык разметки масштабируемой векторной графики, созданный Консорциумом Всемирной паутины (W3C) и входящий в подмножество расширяемого языка разметки XML, предназначен для описания двумерной векторной и смешанной векторно/растровой графики в формате XML. Поддерживает как неподвижную, так и анимированную интерактивную графику. Не поддерживает описание трёхмерных объектов (не аналог имитацией трёхмерности путём светотени). Это открытый стандарт, который является рекомендацией консорциума W3C – организации, разработавшей такие стандарты, как HTML и XHTML.

В результате анализа текущей ситуации выяснилось, что наиболее широко и полно представлен в современных мобильных браузерах стандарт SVG, поэтому он был выбран в качестве базового при разработке данного проекта.

Технические характеристики и описания объектов недвижимости (форма)

Состав полей зависит от типа объекта недвижимости (в качестве примера – строение)

Известные шаблоны: Строения, Внутренние сооружения, Основное описание

Литер

Наименование (жилой дом, мезонин, подвал, колодезь, постройка, сарай и т.д.)

Год постройки

Описание конструктивных элементов

Фундамент

Стены

Кровля

Благоустройство

электрооборудование ☐

водоснабжение ☐

канализация ☐

газоснабжение ☐

Площадь застройки, м2

Рисунок 4 – Заполнение данных по техническим характеристикам объекта

Для манипуляции SVG-графикой была выбрана открытая библиотека Snap.

svg, позволяющая выполнять расширение собственного функционала при помощи механизма плагинов.

Плагин – (англ. *plug-in*, от *plug in* «подключать») — независимо компилируемый программный модуль, динамически подключаемый к основной программе и предназначенный для расширения и использования её возможностей. Плагины обычно выполняются в виде библиотек общего пользования. Принцип работы плагина состоит в том, что основное приложение или библиотека предоставляет сервисы, которые плагин может использовать. К ним относится предоставляемая плагину возможность зарегистрировать себя в основном приложении-библиотеке, а также протокол обмена данными с другими плагинами. Плагины являются зависимыми от сервисов, предоставляемых основным приложением и зачастую отдельно не используются. В противоположность им, основное приложение независимо оперирует плагинами, предоставляя конечным пользователям возможность динамически добавлять и обновлять плагины без необходимости внесения изменений в основное приложение.

Представлениями в MVC.NET называются файлы, определяющие внешний вид приложения. В нашем проекте представления представляют собой файлы с расширением *cshtml*. Язык разметки используемый в этих файлах очень близок к html, но обладает возможностью внедрения C# кода, хотя представление при написании кода выглядит почти как html-страница, но на самом деле ею не является. Представление при компиляции преобразуется в C#-класс с методом *Execute*. В результате вызова этого метода формируется фактическое содержимое и направляется в поток ответа (Response).

Основное представление вызывается при обращении к корневому ресурсу сайта и, в нашем случае, содержит ссылки на все ресурсы сайта, а так же точку входа в одностраничное AngularJS-приложение.

Клиентская часть выполнена в виде одностраничного приложения (*Single Page Application - SPA*). Основным фреймворком выбран MVVM-фреймворк *AngularJS*. Фреймворк работает с HTML, содержащим дополнительные пользовательские атрибуты, описанные директивами, и связывает ввод или вывод области страницы с моделью, представляющей собой обычные переменные JavaScript. Значения этих переменных задаются вручную или извлекаются из статических или динамических JSON-данных.

Angular придерживается MVC-шаблона проектирования и поощряет слабую связь между представлением, данными и логикой компонентов. Используя *внедрение зависимости*, Angular переносит на клиентскую сторону классические серверные службы. Следовательно, уменьшается нагрузка на сервер и Web-приложение становится легче.

Большим преимуществом данного фреймворка является то, что он

поддерживает двустороннее связывание данных. Это уменьшает количество кода, освобождая сервер от работы с шаблонами. Вместо этого шаблоны отображаются как обычный HTML, наполненный данными, содержащимися в области видимости, определенной в модели. Сервис \$score в Angular следит за изменениями в модели и изменяет раздел HTML-выражения в представлении через контроллер. Кроме того, любые изменения в представлении отражаются в модели. Это позволяет обойти необходимость манипулирования DOM и облегчает инициализацию и прототипирование Web –приложений.




Рисунок 5 – Вывод отчета в форме печати технического паспорта объекта

Таким образом, разрабатываемое приложение по обработке кадастровых данных привело к автоматизации работы специалиста центра недвижимости г. Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанского региона путем применения мобильной версии.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Томас Р. Количественные методы анализа хозяйственной деятельности / Р. Томас. – М.: Дело и Сервис, 1999. – 458 с.
2. Дубров А.М. Многомерные статистические методы / А.М. Дубров, В.С. Мхитарян, Л.И. Трошин. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 245 с.
3. Калабаев Н.Б. Географические информационные системы и цифровое картографирование / Н.Б. Калабаев. – Алматы, 2002. – 125 с.
4. Журкин И.Г. Анализ структуры данных для представления в ГИС / И.Г. Журкин, А.Н. Никишкин // Геодезия и картография, 2003. – №8. – 458 с.
5. Государственный земельный кадастр и его автоматизированная система //

Земельные ресурсы Казахстана, 2007. – №2. – С. 78-84.

6. Середович В.А. Компьютерные технологии при создании баз данных в топографо-геодезическом производстве / В.А. Середович, Д.А. Ферулев // Геодезия и картография, 2012. – №9. – С. 78-85.

REFERENCES

1. Tomas R., Kolichestvennyye metody analiza khozyaystvennoy deyatel'nosti. Moskva: Delo i Servis, 1999, 458 (in Russ).

2. Dubrov A., Mnogomernyye statisticheskiye metody. A.M. Dubrov, V.S. Mkhitarian, L.I. Troshin. Moskva. Finansy i statistika, 1998, 245 (in Russ).

3. Kalabayev N.B., Geograficheskiye informatsionnyye sistemy i tsifrovoye kartografirovaniye. Almaty, 2002, 125 s (in Russ).

4. Zhurkin I., Nikishkin A., Analiz struktury dannykh dlya predstavleniya v GIS. Geodeziya i kartografiya, 2003, 8, 458 (in Russ).

5. Gosudarstvennyy zemel'nyy kadastr i yego avtomatizirovannaya sistema. Zemel'nye resursy Kazakhstana, 2007, 2, 78, 84 (in Russ).

6. Seredovich V.A., Ferulev D.A., Komp'yuternyye tekhnologii pri sozdaniy baz dannykh v topografo geodezicheskom proizvodstve. Geodeziya i kartografiya, 2012, 9, 78, 85 (in Russ).

ӘОЖ 51:37.091.3

М.Н. МАДИЯРОВ, А.А. ЕКИМБАЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада математиканы оқыту ерекшеліктері қаралып, Зияткерлік мектептерде Кіріктірілген білім беру бағдарламасын енгізілуіне байланысты математика сабақтарына тапсырмалар құру мәселелеріне арналған. Сабақ беру, оқыту және бағалауға арналған математикалық тапсырмалардың маңызы мен мазмұны жайлы баяндалған. Математика сабақтарындағы жоспар түрлеріне, қалыптастырушы тапсырмаға мысалдар берілген.

Түйін сөздер: математиканы оқыту ерекшеліктері, кіріктірілген білім беру бағдарламасы.

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ В НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ШКОЛАХ

В статье рассматриваются особенности обучения математике и статья посвящена проблемам формирования заданий для уроков математики в связи с введением в Интеллектуальных школах интегрированных образовательных программ. Рассмотрены содержание и значение заданий по математике, предназначенных для преподавания, обучения и оценки. Приведены примеры планов уроков математики и формирующих заданий.

Ключевые слова: особенности обучения математике, интегрированная образовательная программа.

FEATURES OF TEACHING MATHEMATICS IN NAZARBAYEV INTELLECTUAL SCHOOLS

The article discusses the features of the teaching of mathematics and the article is devoted to the problems of formation of the task for mathematics lessons in connection with the introduction of the Intellectual schools of integrated educational programs. Considers the content and value of the task in mathematics intended for teaching, learning and assessment. Examples of math lesson plans and forming tasks.

Keywords: Features of teaching mathematics, integrated education program.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыттталып, оның жаңа жүйесі жасалып жатыр. Бұл өзгерістер алдымен, білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастырып, ақыл-ой өрісі дамыған, шығармашыл, бәсекеге қабілетті зияткер ұлт пен зияткер тұлға даярлау мақсаттарын көздейді [1]. Осы мақсаттарға жету үшін еліміздің қалаларында Назарбаев Зияткерлік мектептері ашылып, жұмыс жасауда. Ол білім беру басымдығына, «жалпыға білім беру» моделінен «әр адамға таңдау бойынша білім беру» моделіне көшуге негізделген. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістерге әкеліп отыр: білім беру үлгісі өзгеріске ұшырады; білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Ал мектеп түлектері Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әл-ауқатын көтеру жолында өрелі үлес қосулары тиіс. Зияткерлік мектептердің міндеті бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау ғана емес, ол сонымен қатар өз тәжірибелерімен бөлісе отырып баршаға ортақ сапалы орта білімге қол жеткізу үшін Қазақстандағы орта білім беру жүйесін дамытуы тиіс. Алға қойған міндеттерді орындау үшін Зияткерлік мектептер инновациялық білім беру моделін әзірлеп, үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені интеграциялауда [2].

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде Кіріктірілген білім беру бағдарламасын енгізуге байланысты математика мазмұны да, математика сабақтарының мазмұны өзгерістерге ұшырады. Мектеп математикасының алгебра, геометрия, алгебра және анализ бастамалары сияқты курстары математика пәні болып біріктірілді. Мұнда, математиканың мектепте оқытылатын сандар, теңдеулер мен теңсіздіктер, функциялар, жазықтықтағы және кеңістіктегі фигуралар қасиеттері сияқты негізгі ұғымдары мен білім-біліктері жүйелі түрде қайталанып, пәнішілік және пәнаралық біліктер мен дағдылардың өзара тығыз байланыстылығына сәйкес, оқытудың әр кезеңдерінде жаңа деңгейде өрбіп отырады.

Математика үрдістер мен құбылыстарды үлгілеудің әмбебап құралы

ретінде жаратылыстану пәндері циклі жүйесіндегі жүктеменің негізгі бөлігін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда математикамен байланысты аралас пәндерді меңгеру үшін математикалық білімнің қажетті және жеткілікті базасын анықтап алу қажет.

Математика оқушылардың өздігінен меңгеруіне өте күрделі пән болып саналады. Ол – айналадағы шындыққа қарағанда өте күрделі деңгейдегі абстрактілі материал. Оқушылар осыған байланысты математикалық заңдылық, дәлелдеу, талдау және қорытындылауды түсінуде түрлі қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтан математиканы оқыту үшін оқушылар оқу материалын жақсы меңгеруі үшін оқушының мүмкіндігін, талабын ескере отырып оқу үрдісін ұйымдастыру қажет [4].

Жалпыға міндетті білім беру жүйесінде бірнеше ондаған жылдар бойы сараланған дайын бағдарламаларға, оқулықтар мен әдістемелік құралдарға сүйеніп, дәстүрлі сабақ беру стилі қалыптасқан, ал Зияткерлік мектептерінде математика сабақтарында Кіріктірілген білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында математика пәні мұғалімінің алдында дайын бағдарлама мен оқулықтың жоқтығы, жоспар бойынша жасалған дайын оқу-әдістемелік құралдарының, дайын әдістемелік материалдардың жоқтығы сияқты қиыншылықтар мен кедергілер шығады. Ал жаңа бағдарлама бойынша оқу жоспарында келтірілген оқу мақсаттарына сай мазмұнды ұтымды таңдап алу, оны Д. Блум таксономиясының критерийлеріне сәйкес шоғырландыру, белсенді оқыту және оқу стратегияларын іріктеу, сабақ жоспарын жанаша құру, критериалды бағалау жүйесін енгізу мәселелері бойынша мұғалімге көп ізденуге тура келеді [4]. Бұл мәселені Өскемен қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің математика мұғалімі А.Н. Сакигожина «Математика сабақтарында кіріктірілген тапсырмаларды құру ерекшеліктері» атты мақаласында, өз еңбек тәжірибесіне сүйене отырып, жақсы ашып көрсеткен [4]. Мақалада А.Н. Сакигожина 8-сынып оқушыларының тапсырмаларды орындау нәтижелеріне талдау жасап, олардың математикалық дайындық деңгейлеріндегі кемшіліктерге тоқтала отырып, былай деген: «Сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу, функцияның қасиеттерін график және аналитикалық жолмен анықтау деңгейлері төмен екені анықталды; жекелеген тақырыптар бойынша білімді саналы түрде меңгермейді, мысалы, «Эйлер-Венн диаграммасы», «Функцияның графиктерінің орналасуы»; есептің шартында берілген ахуалды қалыпты жағдайға талдау мен есептің шартын қайта тұжырымдау арқылы түрлендіре алмайды; өздігінен есепті шешу жоспарын жасай алмайды; есепті шешудің стандартты емес, ұтымды жолдарына әкелетін ұйғарымдар тізбегін қисынды әрі сауатты құра алмайды». Яғни, математикадан сабақ беру барысында әрбір мұғалім оқытылып жатқан бағдарламаға сәйкес

математиканы оқыту үшін, оқушылардың математикадан білімдер жүйесін бағалау және оған талдау жұмыстарын жасау үшін математикадан бағалау-саралау тапсырмалар түрлерін әлі де жетілдіріп, әдістемелік материалдар даярлаулары қажет. Бұл – Зияткерлік мектептердің математика мұғалімдеріне қоятын үлкен талабы. Жақсы саралананып даярланған, пәнаралық байланыстарды тереңірек ашатын, практикалық мазмұндағы, өмірмен астасатын тапсырмалар, соның ішінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу, деректерді дәйектеу, тұжырымдау, дәлелдеу, математикалық тілді жеткізу дағдыларын дамытатын тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттыруға, өткен материалды сапалы қайталауға, оқушылардың жүктемесін азайтуға, уақытты үнемдеуге жол ашады. Оқушыларға материалдар арасындағы байланыстарды бағамдап, сыни тұрғыдан қарауына, зерделеуіне, жан-жақты зерттеуіне мүмкіндік береді.

Математиканы оқытуда, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, тәрбие беруде және математикалық білім-біліктілік қалыптастыруда есептердің атқаратын қызметі зор екені анық. Математикалық есептерді дұрыс шешкізіп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері арқылы жоғары деңгейдегі математикалық білім-біліктілік, дағды қалыптастыруға болатыны сөзсіз. Математикалық есептерді жаңа математикалық ұғымдар мен мағлұматтарды үйретуде; тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыруда; білімнің тереңділігі мен баяндылығын тексеруде; шығармашылыққа тәрбиелеу үшін және т.б. жағдайларда пайдаланады.

Тапсырмалардағы математикалық есептердің құрылымы мен мазмұнының ерекшелігіне келсек, математика сабақтарында кіріктірілген тапсырмалар үйреншікті болып кеткен стандартты есептерге қарағанда мазмұны жағынан саналуан, әдетте олардың басымы шығармашылыққа арналған тапсырмалар болып келеді, бұл орайда, тапсырмаларды құрастыру кезінде дағдыны қалыптастыруға арналған стандартты есептердің сырт қалмауын қадағалау керек.

Тапсырмалар мазмұнын таңдап алу кезінде оқыту мақсаттарымен сәйкестік жүзеге асу қажет, яғни математика курсының белгілі бір бөлігінде оқушылардың өздік оқу-танымдық қызметтерін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын тапсырмаларды саралау қажет. Мұғалім оқушылардан келесі біліктерді талап ететін тапсырмаларды іріктеуі тиіс: теориялық деректерге сүйене отырып, шешуді негіздеу; шешу тәсілдері немесе алгоритмін таңдауды негіздеу; бір есепті шешудің түрлі тәсілдерін салыстыру; білімді өзгерген және жаңа жағдайда қолдану; талдау негізінде есепті жаңаша тұжырымдау, есепті үлгілеу, үлгіні түрлендіру және нәтижені жаңаша түсіндіру; есептің шешімін талдау, қателерін табу және оларды түзету, нәтижені бақылау және оны берілген критерийлер мен дескрипторларға сәйкес бағалау [4].

Сабақ беру, оқыту және бағалау бір-бірімен өзара тығыз байланысты оқыту процесінің құрамдас бөлігін құрайды. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылардың білім алудағы прогресі және үлгерімі туралы деректерін жинау үшін жыл бойында бағалаудың үш түрі қолданылады: қалыптастырушы бағалау; ішкі жиынтық бағалау; сыртқы жиынтық бағалау [1].

Бағалау оқу барысында мәліметтерді жинау және оқушы мен мұғалім арасында оқушының сұранысына сай, оқытуды және күтілетін нәтижені ескере отырып, сабақ беруді түзету үшін кері байланысты орнатады. Бұл жұмыс қалыптастырушы бағалау деп аталады. Мектептік бағалаудың нәтижесінде алынған ақпарат оқушыларға баға қою және барлық оқу процесіне қатысты есеп түрлерін дайындау үшін қолданылады. Мектептік бағалау нәтижелері туралы ақпарат оқу бағдарламаларын және жоспарларды жетілдіру үшін пайдаланылады. Бұл ретте, мектептік критериялды бағалаудың оқушыға оқудың қай кезеңінде жеткенін және оқудағы жетістікке жетуде қандай жеке көмек көрсету керектігін анықтайдындығы дәлелденген. Зияткерлік мектептерде қолданылатын критериялды бағалау жүйесінің оң әсерлері аталып, еліміздің мемлекеттік білім беру ұйымдарына енгізілуіне ұсыныс жасалды [2].

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім оқушының оқыту мақсатына өздігінше жеткеніне сенімді болса «жетті» деп, ал егер, оқушы оқыту мақсатына жету үшін «аталған бағытта жұмыс жасап жатса» «талпынады» деген тұжырымды қолдануға болады. Бұл, мұғалімнің тапсырма орындау кезінде немесе үй жұмысын орындауда білімді және дағдыны бағалағанда мүмкін болады. Мұғалім оқушыға оқыту мақсатына жету үшін тоқсан барысында бірнеше мүмкіндік бере алады [1].

Ішкі жиынтық бағалау әр тоқсан аяғында, тоқсан мақсатының жетістіктерін бағалауға тестілеу немесе прогресс тапсырмалары үлгісінде өткізіледі. Ішкі жиынтық бағалау тапсырмалары тест спецификацияларына сәйкес құрылады. Онда балл қою, бағалау түрлері және тапсырмалар форматы беріледі. Тест спецификациялары Педагогикалық өлшеулер орталығы және Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп құрылады. ІЖБ нәтижелері әр оқушы үшін қорытынды аттестаттаудың бөлігін құрайды және тоқсан барысында оқушының прогресі туралы мұғалімге кері байланысты көрсетеді.

Төменде математика пәнінен 7-сыныптарға арналған ұзақ мерзімді жоспарынан (1-кесте), іріктеліп алынған оқу мақсаттары, яғни қалыптастырушы бағалауға арналған мақсаттардан (2-кесте), қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалардан (3-кесте) үзінділер мен мысалдар берілген.

1-кесте – 7 сынып математикасына арналған ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
7.1.A Мәтінді есептерді математикалық модельдеу (15 с.)	Сызықтық теңдеулер және теңсіздіктер	7.2.2.1 сызықтық теңдеулерді зерттей алады (түбірлердің санын анықтайды); 7.2.2.2 модуль таңбасы бар өрнектің ең үлкен және/немесе ең кіші мәнін көрсетеді (мысалы, $x \pm a, x \pm a , a - x$ түріндегі өрнектер); 7.2.2.3 $x \pm a = b$ түріндегі теңдеулерді шеше алады; 7.2.2.4 $x > a, x \geq a, x < a, x \leq a$ түрінде берілген теңсіздіктерді координаталық түзде нүктелер жиынымен кескіндей алады; 7.2.2.6 теңсіздіктер жиынтығының және теңсіздіктер жүйесінің шешімдерін қалай табу керектігін түсінеді; 7.2.2.5 қосымша шарттары бар сызықтық теңсіздіктерді шығарады (мысалы, берілген аралықтағы өрнектің ең үлкен немесе ең кіші мәндерін табады); 7.5.3.2 теңсіздіктер жиынтығының және теңсіздіктер жүйесінің шешімдеріне есептер шығарады; 7.5.3.3 екі белгісізі бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімдеріне есептер шығарады
	Мәтінді есептер	7.5.2.1 мәтінді есептердің математикалық моделін құрайды; 7.5.2.2 мәтінді есептерді, сонымен бірге берілгендері натурал сандар, жай және ондық бөлшектермен өрнектелген теңдеулер мен теңсіздіктер құру арқылы шығарады; 7.5.3.1 есептің шарты бойынша алгебралық өрнектерді және формулаларды құрастыра алады


2-кесте – 7-сыныптың 1-тоқсанына арналған іріктелініп алынған оқу мақсаттарынан үзінді

Бөлім	Оқу мақсаттары
Мәтінді есептерді математикалық модельдеу	7.2.2.1 сызықтық теңдеулерді зерттей алады (түбірлердің санын анықтайды)
	7.2.2.2 модуль таңбасы бар өрнектің ең үлкен және/немесе ең кіші мәнін көрсетеді
	7.2.2.3 $ x \pm a = b$ түріндегі теңдеулерді шеше алады
	7.2.2.4 $ x > a, x \geq a, x < a, x \leq a$ түрінде берілген теңсіздіктерді координаталық түзде нүктелер жиынымен кескіндей алады
	7.2.2.5 қосымша шарттары бар сызықтық теңсіздіктерді шығарады (мысалы, берілген аралықтағы өрнектің ең үлкен немесе ең кіші мәндерін табады)
	7.5.3.2 теңсіздіктер жиынтығының және теңсіздіктер жүйесінің шешімдеріне есептер шығарады
	7.5.2.2 мәтінді есептерді, сонымен бірге берілгендері натурал сандар, жай және ондық бөлшектермен өрнектелген теңдеулер мен теңсіздіктер құру арқылы шығарады
	7.5.3.1 есептің шарты бойынша алгебралық өрнектерді және формулаларды құрастыра алады

3-кесте – 7-сыныптың 3-тоқсанына арналған қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырманың бір мысалы

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқыту мақсаттары	Дағдылар	Жетістік критерийі
7.3.2.10	тең бүйірлі үшбұрыштың қасиеттері мен белгілерін біледі және қолданады	Білу және түсіну Білімін қолдану	– тең бүйірлі үшбұрыштың қасиеттерін біледі; – тең бүйірлі үшбұрыштың белгілерін біледі; – есептерді шығару барысында тең бүйірлі үшбұрыштың қасиеттері мен белгілерін қолданады

3-кестенің жалғасы

Сөз мәйегі мақал-мәтелдер – ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі-бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал-мәтелдерде су, бұлақ, бастаулар туралы ойлары, тұжырымдары, концептілері көрініс тапқан.

«Концепт» терминінің мағына ауқымы өте кең. Зерттеушілер тарапынан оған берілетін анықтамалар да әралуан. Когнитивті лингвистика ғылымының басты категориясы саналатын «концепт» адам ойындағы ғалам бейнесінің өзіндік белгілерінің ассоциациялануының нәтижесі ретінде қарастырылып келеді. «Концепт» термині когнитивтік бағытқа дейін «ұғым» сөзімен синонимдес мәнде жұмсалған. Концепт туралы тілші ғалымдардың пікірі екіге жарылады. Бірі: концептінің беретін мағынасы лексикалық мағынаға қарағанда кең (В.И. Карасик, С.А. Аскольдов) десе, екінші бір лингвистер: «концепт сол сөз мағынасымен бірлікте болады» (Д.С. Лихачев, В.Т. Москвин). Ал зерттеуші В.А. Маслова

аталған екі ұғымды бөлек термин ретінде қарастырады. «Концепт» терминінің «ұғым» сөзінен айырмашылығы «ұғымда» энциклопедиялық анықтама беріледі, яғни «концепт» терминінің мағыналық аясы «ұғым» сөзіне қарағанда кең [4].

Адам баласына дүниедегі мәліметтердің лингвистикалық арналар арқылы жету, адамды концепт әлеміне жетелейді, Әдетте, біз сезіну, қабылдау, түсіну, ұғыну үдерістерін таным формасының жоғары түйсігі деп қабылдаймыз. Ол әртүрлі ой операцияларының нәтижесінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар дүние туралы ақпараттар жиынтығын тудырып, концепт жүйесін құрайды.

Концептінің қазіргі тіл білімінде ұғынылуы, қарастырылуы әртүрлі. Концептке берілген анықтамаларда оның ұғым, символ, бейне, таңба, жалпы мағына т.с.с. ұғымдармен ұқсастығы және айырмашылығы туралы пікірлер айтылады [5].

Когнитивтік зерттеу тұрғысынан қарастыруда концепт құбылысының мәні ерекше. Бұл ұғымды философиялық тұрғыдан ең алғаш қолданған дін уағыздаушы Ансельм (1033-1099) болған екен. Ұғымның бүгін де нақты мәнге ие бола алмауы оның аса күрделі түсінік екенін айқындай түседі. «Концепт» латын тілінде де бірнеше мағынаға ие: *conceptio* – 1) жиынтық, жүйе, байланыс, қойма, заң актілерін тұжырымдау; 2) ұрық қабылдау; 3) сөйлем және т.б. мәнге негізделген.

Тіл білімінде С.А. Аскольдов «концепт» ұғымын 1920 жылдары соңында енгізген болатын. «Концепт» бір ғана ұғымды бермейді. Ол – әр ұлттың ерекше дүниетанымын көрсететін, ұзақ ғасырларда санада сақталып келген ұлт заңдылықтары жөніндегі түсінікті білдіретін күрделі құрылым.

Лингвистикада қазіргі кезде қоршаған дүниенің концептуалдық бейнесін қалыптастыратын түсінік, бейне, іс-әрекеттердің кескіндері, гештальттар мен суреттердің, яғни концепт түрлерінің бар екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденуде. Концепт, философиялық еңбектерде «түсінік, бейне, ұғым» дегенді білдіреді. «Концепт» пен «ұғым» терминдері сыртқы формасына қарай бірдей көрінгенімен, өзара айырмашылықтары бар. Ұғымға қарағанда концепт құрылымының аясы кең. Ұғым танылатын нысанның басты-басты, мәнді белгілерін танытса, концепт – нысанның барлық қасиеттерін қамти отырып, эмоционалды, экспрессивті, бағалауыштық мәнге ие. Концепт ретінде жалпыұлттық құндылықтарды түсіндіре алатын ұғымдар алынады.

Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жататыны белгілі. Сезімдік- заттық образ (код) концептінің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептінің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңи түседі. Әлгі белгілердің қайсібірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсібірінің көмескіленуі ықтимал. Концепт ретсіз нәрсе емес. Оның компоненттері (белгілері) белгілі

бір тәртіпте болады. Заттық-образдық ядро нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі болуы мүмкін. Концептінің әртүрлі қабаттары бір-бірнен туындап жатады. Бұл жайт концепт ұғымының өзгеше сипатын көрсетеді.

«Концепт» – ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивтік деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесінің үзіктері концептінің көмегімен сөз арқылы таңбаланып көрініс табады, вербалданады». Қазақ мақал-мәтелдерінен халықтық ұжымдық санадағы «су» концептісі құрамында осы атаудың синонимдік қатарын құрайтын бұлақ, бастау, өзен, көл, теңіз, дария сөздерінің концептологиялық сипатына тоқталайық.

Мысалы, төмендегі мақал-мәтелдер құрамындағы су сөзі тура мағынасында көрініс тапқан [6]:

Ағын су арнасын табады.

Ағын су бал татыр,
Ақ шабағы май татыр.

Ағын су жолын табады,
Ақ адам оңын табады т.б.

«Су» сөзі молшылық, береке мағынасында жұмсалып, суға бай ел – ырысты, ынтымақты ел ұғымымен астасқан:

Су бар жерде ырыс бар:
ұстап балық жейсің,
ақ бидай егіп, нанын жейсің.

Тілі өскен ел – айдын шалқар көл,
Тілі өшкен ел – суы тартылған көл;

Су байлық – алты айлық,
Қар байлық – үш айлық.

Арық бар жерде су бар,
Су бар жерде ну бар.

Көл жағалағанның көні кеппес

От – арық, су – семіз.

Өзен ақса – көл,
Дария ақса – сел.

Өзен бойы тұрғанда
өзге жерге қонбаңыз.

Өзен жағалағанның өзегі талмас т.б.

«Су» ұғымы тазалық, пәктік, имандылық ұғымымен де астасып жатқанын байқауға болады:

Қыдырдың қасында болғанша,
бұлақтың басында бол.

Дария арам болмайды ит қанша сигенмен.

«Су» үздіксіз даму, өзгеріс, динамика, қозғалыс, тіпті «өмір» ұғымымен астасып жатқанын мына мақал-мәтелдерде көрінген:

Су – диқанның қаны,
Жер – қолыңдағы наның.

Судың басы бұлақ болса, аяғы құяр теңізге.
Жақсыдан жаман туса да, тартпай қоймас негізге.

Ақпаса су бұзылады.

Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар.

Арық қазбасаң су келмейді.

Бұлағы болмаса өзен де сарқылар.

Бұлақ көрсең көзін аш.

Бұлаққа бұлақ қосылса – «егізбіз» дейді,
Көлге көл қосылса – «теңізбіз» дейді.

Сай қуалап су ағар,
Жел қуалап от жанар.

Өзен-суға жарасқан қамысы мен қоғасы,
Қарияға жарасқан аузындағы тобасы.

«Көлдің көркі – құрақ, таудың көркі – бұлақ», «Су ақса – сайына, жылқы жоғалса – үйіріне» деген мақалдардан «су, көл, бұлақ, бастау» концептісі әдемілік ұғымын беріп, эстетикалық сұлулық мәнінде жұмсалады. Бұл ұғымдарда су сөзі «туған жер, атамекен» ұғымдарымен сабақтасатындай.

«Судың да сұрауы бар», «Су бергеннің сауабы бар, Су төккеннің жауабы бар» деген мақал-мәтелдер су иесінің бар екенін білдіріп, оның қасиеттілік, құдіреттілік сипатын ашып, табиғат алдындағы жауапкершілік, табиғатты аялау, қорғау, табыну мәндерінен хабардар етеді.

«Суға кеткен тал қармайды» деген халықтық нұсқа судың алапат күш иесі, қорқыныш сезімін тудыратын табиғи құдірет екенін де байқатады.

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің көне жанрларының бірі, ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен философиялық, әрі шешендік тұжырымдар, аз сөзбен көп мағына беріп, мәнді ой түйінін жасайтын халық даналығы. Тілдегі қалыптасқан көне де байырғы мақал-мәтелдердің қай-қайсысы болмасын өзінің даму барысында ұзақ тарихи жолды басып өтіп, бүгінгі ұрпаққа сараланып жеткендігі байқалады. Мақал-мәтелдер – сан ғасырлар бойы екшеліп, қырланған, мазмұны жағынан алуан тақырыпты қамтитын, адам өмірінде кездесетін құбылыстар мен жағдайларға, оқиғаларға берілген танымдық даналық баға.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынов. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы / Ә. Қайдар. – Алматы. Толғанай, 2004. – 560 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы / Ш. Уәлиханов. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.
4. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику / В.А. Маслова. – М.: Наука, 2004. – 285 с.
5. Когнитивтік лингвистика / Оқу-әдістемелік құрал. Құраст.: Мажитаева Ш.М., Кенжеғалиев С.А., Шадыкенов Ә.Қ. – Қарағанды: Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасы, 2008. – 106 б.
6. Қазақтың мақал-мәтелдері / Жинақ. – Алматы, 2005. – 195 б.

REFERENCES

1. Bajtursynov A., *Adebiat tanytqysh. Almaty. Atamura, 2003, 208 (in Kaz).*
2. Qajdar A., *Halyq danalyqy. Almaty. Tolqanaj, 2004, 560 (in Kaz).*
3. Ualihanov Sh., *Tandamaly shyqarmalar zhinaqy. Almaty. Zhazushy, 1980, 416 (in Kaz).*

Kaz).

4. Maslova V.A., *Vvedenie v kognitivnuju lingvistiku*, M. Nauka, **2004**, 285 (in Kaz).
5. Mazhitaeva Sh.M., Kenzheraliev S.A., Shadykenov Ә.Қ., *Kognitivtik lingvistika. Oqu adistemelik qural. Qurast. Qaraqandy. E. Bocketov atyndaqy QarMU baspasy*, **2008**, 106 (in Kaz).
6. *Qazaqtyn maqal matelderі. Zhinaq. Almaty*, **2005**, 195 (in Kaz).

УДК 334.7 (574)

Б.Т. ИБРАИМОВ, А.А. КАЙГОРОДЦЕВ

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

МОДЕЛЬ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОГО МЕХАНИЗМА СТИМУЛИРОВАНИЯ ИННОВАЦИЙ

В статье предлагается модель институционального механизма стимулирования инноваций в Казахстане. Рассмотрены пути совершенствования системы стимулирования развития инновационной сферы.

Ключевые слова: научно-технический потенциал, инновация, предпринимательство, эффективность, экономика, технология.

ИННОВАЦИЯНЫ ҢЫТАЛАНДЫРУДЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ ҮЛГІСІ

Мақалада инновацияны ынталандырудың институционалдық механизмінің үлгісі ұсынылған. Инновациялық сфераның дамуын ынталандырудың жүйесін жетілдіру жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: ғылыми-техникалық әлеует, инновация, кәсіпкерлік, тиімділік, экономика, технология.

MODEL OF THE INSTITUTIONAL MECHANISM OF STIMULATION OF INNOVATIONS

In article the model of the institutsonalkny mechanism of stimulation of innovations in Kazakhstan is offered. Ways of improvement of system of stimulation of development of the innovative sphere are considered.

Keywords: scientific and technical potential, innovation, business, efficiency, economy, technology.

В ближайшей и долгосрочной перспективе основой экономического развития страны становится инновационный тип экономического роста. В этом контексте в последние годы первостепенное значение приобретает системный подход к формированию инновационной политики. В Казахстане на государственном уровне уже на протяжении нескольких лет ведется серьезная работа,

направленная на создание благоприятных условий для повышения инновационной активности. В январе 2014 года Президент страны Н.А. Назарбаев в Послании Главы государства народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», в первую очередь, отметил, что «важно скорректировать и усилить тренд инновационной индустриализации, ...важно повышать эффективность национальной инновационной системы, её базовых институтов, ... обеспечить экономический рост на основе индустриализации и инноваций» [1].

Анализ состояния инновационной сферы в Казахстане показывает, что и производство, и наука постепенно адаптируются к требованиям рыночного механизма создания и распространения новых знаний и технологий. Однако они пока далеки от того, чтобы стать основными звеньями национальной инновационной системы, соответствующей потребностям долгосрочного развития. Для них характерны структурные диспропорции, взаимная изолированность, низкая инновационная активность. Одной из главных причин является отсутствие институциональных основ для мотиваций экономических агентов в предпринимательском секторе к инновациям, а в исследовательской сфере – к прикладной деятельности, ориентированной на создание инновационного потенциала для промышленности. Поэтому актуальным является формирование институциональных условий повышения инновационной активности [2].

Институциональный механизм стимулирования инновационной деятельности можно представить как систему упорядоченных взаимосвязей между хозяйствующими субъектами, регулируемых формальными и неформальными нормами и правилами, с целью повышения эффективности инновационной деятельности, и использующих определенный набор стимулов и ограничений.

Исходя из этого, структура институционального механизма стимулирования состоит из совокупности: субъектов, имеющих свои определенные цели; формальных норм (законодательство); неформальных норм и правил (деловая культура, принятая в экономическом сообществе) стимулов и ограничений.

Выделим в исследуемом механизме три блока: целевой, основной, результирующий блоки. Целевой блок представляет собой исходную составляющую, зависящую от интересов субъектов механизма, которые могут быть противоречивы между собой. Основной блок будет состоять из трех элементов: формальных, неформальных норм и правил поведения, а также стимулов или ограничений. Результирующий блок будет показывать эффективность работы механизма в целом, посредством выявления положительных или отрицательных тенденций, происходящих в основном блоке, которые в свою очередь, будут зависеть от согласованности интересов в целевом блоке.

Рассмотрим подробнее каждый из выделенных блоков. Целевой блок в

институциональном механизме стимулирования инновационной деятельности будет представлен интересами трех основных групп субъектов, участвующих в новаторской деятельности: научно-исследовательских центров, государства (аппарат правительства и руководство страны); экономического сообщества (предприятия, а точнее их союзов в лице торгово-промышленных палат).

Интересы данных групп субъектов в силу специфичности каждой из них будут отличными по своей природе. Научно-исследовательские центры (НИЦ) нацелены на проведение научных исследований и различного рода опытно-конструкторских работ. Целью государства, в первую очередь, является создание благоприятных условий для повышения эффективности деятельности хозяйствующих субъектов в данной сфере для повышения конкурентоспособности отечественной продукции, улучшения экономических показателей страны, что, в конечном итоге, обеспечивает увеличение доходной части государственного бюджета. Главной же целью любой предпринимательской деятельности является получение прибыли. Из определенной разобщенности интересов целевого блока могут вытекать противоречия, сказывающиеся на работе механизма в целом [3].

Далее перейдем к рассмотрению второго блока исследуемого механизма – основного. В данном блоке будут выделяться формальные (отдельные постановления, указы, разрешения и т.д.) и неформальные правила и нормы (привычки, общепринятые нормы, признанные модели поведения), установленные в обществе, а также совокупность инструментов (стимулов и ограничений), которые во многом будут определять деятельность экономических субъектов.

Третий результирующий блок будет определять эффективность работы механизма в целом и на основании итоговых показателей (в исследуемом механизме примерами таких показателей могут служить различные индикаторы инновационной активности организаций) выявлять несоответствия в системе для последующего их устранения посредством использования определенных стимулов и ограничений. Таким образом, сам механизм выступает постоянно развивающейся системой.

Целесообразно выделить следующие группы противоречий, характерных для инновационного процесса. В рамках первой группы выделяются противоречия между интересами федеральных и региональных властей, региональных и муниципальных органов власти, государственных органов в целом и предприятиями по поводу методов и инструментов стимулирования инновационной деятельности. Вторая группа противоречий возникает между наличием потенциальных новаций и отсутствием (или неразвитостью) инфраструктуры и институциональных рамок их осуществления. В рамках третьей группы выделим противоречия, возникающие между совместимостью применения универсальных методов (и соответствующих им инструментов) и специфическими региональными

условиями функционирования субъектов инновационной деятельности.

Институциональная среда в Казахстане в целом пока недостаточно благоприятна для инноваций. Она характеризуется неразвитостью связей государственного и вузовского сектора науки с промышленностью, отключенностью банковской системы от кредитования инновационных процессов, низкой инновационной активностью частного капитала, ориентацией правительства на поддержку малого бизнеса в целом без учета его инновационного потенциала, слабым развитием рынка посреднических услуг по развитию бизнеса. Несовершенство государственных и рыночных институтов не позволяет формировать стимулы для повышения инновационной активности субъектов экономики. Пока у частного сектора отсутствуют серьезные мотивации к внедрению новых технологий, поиску новых рынков, раскрутке собственных инноваций. Не только из-за отсутствия серьезных налоговых льгот инноваторам, но и потому, что хозяйствующие субъекты вообще остерегаются действовать в рискованной среде, не владеют знаниями о новых рынках и возможностях включения в «цепочки» роста стоимости и технологические сети [3].

В этой ситуации, конечно, можно было бы ждать, пока соответствующие рыночные институты наберут должную силу, разовьются до необходимого уровня. Однако институциональные перемены требуют времени, причем порой значительного. Поэтому более приемлемым является вариант активного вмешательства государства в инновационные процессы. Такое вмешательство не следует воспринимать как попытку зарегулирования экономической деятельности или значительного расширения масштабов прямой государственной поддержки инновационной деятельности. Речь идет о таких методах государственного участия в инновационных процессах, которые должны создать непосредственно у бизнеса стимулы к инновациям. В этой связи представляет интерес успешный опыт новых индустриальных стран по формированию политики стимулирования инноваций и повышения конкурентоспособности экономики.

С учетом этого опыта, предлагается модель институционального механизма стимулирования инноваций в Казахстане, которая в основных чертах может быть представлена на рисунке 1.

В ходе исследования выделены «переходные» звенья в каждом из блоков (предприятия – микро- и мезоуровни; ТПП, Ассоциации и региональные органы власти – мезо- и макроуровни), являющиеся «соединительными» элементами в субъектной части действия институционального механизма стимулирования инновационной деятельности.

Снижение уровней дистанции власти как в рамках отдельного предприятия, региона, так и страны в целом, способствует повышению эффективности взаимодействия субъектов, а следовательно, снизит риски возникновения противо-

речий между ними или позволит нивелировать уже существующие. Кроме того, повышение эффективности диалога предприятий, осуществляющих инновации, и властных структур позволит разрешить и другие противоречия, выделенные при анализе институционального механизма стимулирования инновационной деятельности в республике в целом и регионах в частности. Снижение дистанции власти с одновременным усилением антикоррупционных мер и созданием специализированных подразделений, занятых оценкой рациональности принятия тех или иных мер по стимулированию инноваций, лоббированием интересов предприятий и ранжированием необходимости государственной помощи, оказываемой им, поможет избежать существенных ошибок и необоснованной траты государственных финансовых средств. Эффективно построенный диалог власти и бизнеса поможет создать благоприятные нормативно-правовые условия, снижающие риски, т.к. будет способствовать совершенствованию законодательства с учетом деловых практик, сложившихся в данной сфере [3, С. 48].




Рисунок 1 – Модель совершенствования институционального механизма стимулирования инновационной деятельности

Создание и эффективная работа институтов в этих странах очерчивает направления модернизации существующего институционального механизма стимулирования инновационной деятельности в Казахстане с целью повышения его эффективности. Совершенствование институционального механизма должно быть в первую очередь связано с изменениями, которые бы разрешали противоречия или нивелировали их последствия между интересами субъектов. Связующим звеном могут стать торгово-промышленные палаты (ТПП), так как они являются элементом, способствующим преобразованию неформальных практик, сложившихся в бизнесе, в формальные легитимные нормы, способствующие снижению дистанции власти и установлению эффективного диалога «власть-

бизнес».

Ключевой «ступенью» комплексной модернизации институционального механизма стимулирования является совершенствование законодательства в части спецификации действий субъектов, второй – государственная адресная политика инфраструктурного развития отдельного региона. Она предполагает создание местных структур (инжиниринговые центры, службы заказчика, центры мониторинга и аналитики), которые в совокупности обеспечат усиление взаимодействия субъектов спроса и предложения инновационной продукции на уровне региона и позволят выйти региональным инновациям на национальный уровень и найти инвесторов в других регионах.

Третьей выделенной «ступенью» являются социокультурные изменения, обеспечение которых возможно лишь в рамках региональных программ развития, так как специфичность кросскультурных особенностей различных регионов не позволяет использовать стандартные методы в общенациональном масштабе.

Комплексное изменение институционального механизма стимулирования инновационной деятельности хозяйствующих субъектов в отдельном регионе способно содействовать повышению уровня инновационности национальной экономики в целом. Комплексность и системность изменений должна быть учтена при разработке стратегических целей региональной политики, которая зависит от синхронности изменений на федеральном уровне (например, совершенствование законодательных актов в сфере инноваций и ужесточение антикоррупционного законодательства); на мезоуровне – эффективное преодоление социокультурного барьера (обусловленного традициями, обычаями и религиозными аспектами), которое в Республике Казахстан возможно лишь в региональных масштабах в связи со специфичностью и разнообразием религий, традиций, обычаев и территориальных условий; на микроуровне, в рамках которого рациональная кадровая политика поможет избежать аутсайдерских проявлений внутри организации, а значит, позволит повысить уровень доверия менеджеров к сотрудникам и снизит дистанцию власти внутри отдельной хозяйствующей единицы.

Совокупное осуществление мер, направленных на совершенствование механизма стимулирования инновационной деятельности хозяйствующих субъектов, способно обеспечить реализацию инновационного потенциала Казахстана и повысить уровень ее инновационной активности на мировой арене.

На наш взгляд, при совершенствовании системы стимулирования развития инновационной сферы необходимо:

– изменить порядок налогообложения предприятий любых форм собственности, осуществляющих инновационную деятельность, снизив на какое-то время ставки корпоративного налога или сделать эти ставки «нулевыми»;

- обеспечить законодательно государственную финансовую поддержку при подготовке эффективных инвестиционных проектов и при их реализации;
- выделять льготные кредиты для развития экспериментального производства в приоритетных направлениях НИОКР;
- снизить все виды налогового обложения для производителей экспериментальной научно-технической продукции на время до начала ее серийного производства;
- освободить качественно новую и конкурентоспособную на мировом рынке наукоемкую продукцию от НДС и корпоративного налога на два года с обязательным использованием до 50% полученной суммы на развитие науки;
- установить государственные льготы для совместных предприятий, в которых иностранные участники обязуются в конкретные сроки осуществить на базе новейших ноу-хау передачу соответствующей технической документации и совместно развить перспективные направления высоких технологий;
- разрешить отсрочку выплаты налогов на период, последующий за внедрением инноваций (или в процессе реализации инвестиционного проекта).

В качестве важнейшего элемента институционального механизма стимулирования инноваций следует активно задействовать созданные в Казахстане институты развития – Банк развития Казахстана, АО «Инвестиционный фонд Казахстана», АО «Национальный инновационный фонд», АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», АО «Фонд развития предпринимательства «Даму», АО «Национальное агентство по технологическому развитию». Пока они действуют разрозненно и не образуют единой системы, объединяющей все фазы инновационного процесса – от доконкурентных до поиска рыночных ниш. Для того, чтобы эти институты стали системными интеграторами инновационных проектов, нужно также расширить их состав и переориентировать деятельность ряда из них. Так, в качестве института развития должен функционировать Фонд науки, который следовало бы также включить в состав ФНБ «Самрук-Казына». В дополнение к нему можно было бы создать еще ряд фондов, например фонд поддержки малых предприятия в инновационной сфере. Вместе с Фондом науки они могли бы сосредоточить свою деятельность на финансировании докоммерческой стадии инновационных проектов, чего не хватает пока нынешним институтам развития.

Механизмы стимулирования инновационной активности должны быть сопряжены с приоритетными направлениями инновационного развития экономических систем регионов и страны, в целом. Применительно к сфере науки и технологий это означает необходимость более полного использования внешних источников инноваций. Сегодня повышение конкурентоспособности любой страны не может осуществляться без включения в процессы международного обмена

знаниями и технологиями. Большой опыт в этом отношении накоплен странами «догоняющего» типа развития экономики: когда-то – Японией, затем – новыми индустриальными странами (НИС) Юго-Восточной Азии и рядом латиноамериканских стран, впоследствии – Китаем и Индией [4].

Государственная поддержка инновационной деятельности включает в себя различные формы прямого и косвенного экономического регулирования. К системе прямых методов можно отнести:

- государственное инвестирование в виде целевого, предметно-ориентированного или проблемно-направленного финансирования, государственное кредитование, лизинг, фондовые операции с целью повышения числа исследований на наиболее перспективных направлениях и прогрессивных видах производства;

- государственное предпринимательство, программирование, планирование;

- меры, активизирующие кооперацию промышленных организаций в области научных исследований, в частности с научно-исследовательскими и образовательными университетами.

Основное отличие методов состоит в том, что методы прямого воздействия непосредственно влияют на решения, принимаемые экономическими субъектами, в то время как косвенные методы лишь создают необходимые предпосылки для выбора направления развития, которое соответствует экономическим целям государства. В современных условиях косвенные методы становятся все более популярны, так как не требуют больших единовременных затрат, в отличие от прямого бюджетного финансирования, а также создают благоприятные условия для развития частного инновационного предпринимательства.

К косвенным методам стимулирования относят законодательство в сфере науки и инноваций, систему налоговых льгот, развитие механизма венчурного финансирования, формирование государственной инновационной инфраструктуры и развитие рынка научно-технической инновационной продукции, формирование инновационных кластеров, объединяющих малые, средние и крупные предприятия, а также научно-исследовательские организации, действующие в определенной отрасли и географическом регионе.

Процессы глобализации побуждают страны проводить активную политику формирования новой технологической структуры развития своей экономики.

Реализация инноваций требует наличия благоприятных условий, которые должны поддерживать государственный и частный секторы. Это подразумевает достаточные инвестиционные вложения в научные исследования, особенно со стороны предпринимательского сектора, высококачественные исследовательские институты, сотрудничество в исследованиях между НИИ, университетами и промышленностью, а также гарантии защиты интеллектуальной собственности.

сти и потенциальных инвестиций.

Компаративный анализ институциональных механизмов инновационной деятельности развитых стран показывает, что применяемая система мотивационных мер «активизирует» новаторскую деятельность. Различные нормы и правила в рамках институционального механизма могут являться как стимулами (эффективная нормативно-правовая база в сфере инноваций, жесткое антикоррупционное законодательство, невысокий уровень дистанции власти, инновационная направленность кросскультурных факторов, наличие и эффективная работа институтов в сфере поддержки инновационной активности), так и ограничениями (усиление дистанции власти, низкая степень доверия между субъектами различного уровня, отсутствие элементов инновационной инфраструктуры, высокий уровень коррупции, несовершенство законодательства в инновационной сфере) в зависимости от специфики анализируемой страны (обусловленной кросскультурными факторами), отдельных региональных условий в ее пределах, а также существующих деловых практик на микроуровне. Совершенствование механизма стимулирования инновационной деятельности в России должно базироваться на изменениях политики стимулирования как в рамках отдельных предприятий (микроуровень) и регионов (мезоуровень), так и на государственном (макроуровень) уровне. Для успешности подобных преобразований необходимы комплексность и системность изменений, отражающиеся в стратегических целях региональных политик и усовершенствовании формальных норм на федеральном уровне. При решении региональных проблем целесообразно учитывать институциональную специфику, включающую не только экономические, но и кросскультурные факторы. Эффективность деятельности отдельных предприятий в сфере инноваций напрямую зависит от рациональной кадровой политики, позволяющей повысить результативность взаимодействий внутри отдельной хозяйствующей единицы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», Астана, 2014.
2. Ибраева Б.Р. Роль индустриально-инновационного фактора в обеспечении устойчивого развития Казахстана / Б.Р. Ибраева // Транзитная экономика. – 2009. – №3/4. – С. 51-61.
3. Аверина И.С. Институциональный механизм стимулирования инновационной деятельности: противоречия и возможности их разрешения // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – №3.
4. Тлеужанов Е.К. Стратегический анализ рисков промышленного предприятия / Е.К. Тлеужанов // Транзитная экономика. – 2010. – №1. – С. 38-43.
5. Контуры модели эндогенного экономического роста [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://gradinvest.livejournal.com>

REFERENCES

1. Jagmurin G.Zh., *Bjudzhet. Uchebnoe posobie Minsk. 2001, 13, 14 (in Russ).*
2. Oksikbaev O., *Bjudzhet i mezhbjudzhetnye otnoshenija. uchet interesov jekonomicheskoy bezopasnosti. Qarzhı Qarazhat. Finansy Kazahstana. Almaty. 5, 2004, 15, 36 (in Russ).*
3. Mel'nikov V.D., Il'jasov K.K., *Finansy. Almaty. 2004, 17, 41 (in Russ).*
4. *Bjudzhetnyj kodeks Respubliki Kazahstan ot ot 4 dekabrja 2008, 95, 4 (in Russ).*
5. Nurmuhanova G.Zh., *Gosudarstvennyj bjudzhet. Uchebnoe posobie Karaganda. 2001, 21, 27 (in Russ).*

ӘОЖ 821.512.122.09

А.М. КАРТАЕВА, А.Д. МҰХАМЕТҚАЗИНА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ӘУЕЗОВТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада қазақ халқының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов шығармашылығының зерттелуі туралы арнайы сөз болады. Қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының дербес саласы болып қалыптасқан әуезовтанудың қалыптасу, даму кезеңдері сараланады. Зерттеудегі күрделі мәселелер мен жазушының шығармашылық өнеріндегі қайшылықты сын-пікірлер де қамтылады. Әуезовтанудағы өзекті мәселелер мен алда қойылар міндеттер аталып көрсетіледі.

Түйін сөздер: Әуезовтану, әдебиеттану, жазушы, шығармашылық, сын-пікірлер, деректер, ғылыми еңбектер, монография.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АУЭЗОВОВЕДЕНИЯ

В данной статье будет идти речь об исследовании творчества великого писателя казахского народа Мухтара Ауэзова. Дифференцируются этапы развития, становление Ауэзововедения как самостоятельной отрасли литературоведения, истории литературы. Также содержатся сложные вопросы в исследовании и конфликтные отзывы в творческом искусстве писателя. Будут названы актуальные проблемы и поставленные задачи Ауэзововедения.

Ключевые слова: ауэзововедение, литературоведение, писатель, творчество, рецензии, факты, научные труды, монография.

IMAGE OF ABAI IN THE MEMORIES

This article is devoted to the researches on oeuvre of an outstanding Kazakh writer Mukhtar Auezov. It is about periods of development of «ayezovovedenie» in the Kazakh literature as on individual branch in history of Kazakh literature. The article covers complicated problems and opinions raised on the oeuvre art of the writer. Relevant issues and further going goals in «ayezovovedenia» are also shown in the article.

Keywords: ayezovovedenie, literary criticism, writer, work, reviews, facts, scientific works, monograph.

Қазақ халқының мәдени даму тарихында жазушы, драматург, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алатын орны ерекше. Мұхтар Әуезов – XX ғасырда қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан дара да күрделі тұлға.

М. Әуезов мұрасы – ұлтымыздың рухани байлығы, халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын сарқылмайтын қазынасы. Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу, Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа қырынан, барлық салада, әр жүйеде көрініс таба бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының дербес саласы болып қалыптасқан Әуезовтану – бұл күндері жан-жақты дамыған, өсіп жетілген іргелі саласының біріне айналды.

«Әуезовтану – қазақ әдебиеттану ғылымының дербес бір саласы, Мұхтар Әуезовтің өмірі мен творчествосына арналған зерттеу еңбектерді қамтиды», – деп «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» анықтама берілген [1].

Әуезовтану – М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын зерттейтін қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы. Әуезов шығармашылығы туралы алғаш пікір 1917 жылы «Сарыарқада» газетінің №2 санында «Еңлік-Кебек» пьесасының қойылымы жайлы жазылған «Игілікті іс» деген атпен жарияланады.

Әуезовтану ғылымының алғашқы кезеңі 1917-1927 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезде М. Әуезовтің көсемсөздері, алғашқы әңгімелері мен повестері, драмалық шығармалары жарық көріп, қаламы қарымды қаламгер ғана емес, қоғам қайраткері ретінде танылған болатын. Қаламгердің шоқтығы биік драмалық шығармасы «Еңлік-Кебек» трагедиясының алғашқы варианты 1917 жылы қағаз бетіне түсіп, сол жылы Әйгерімнің ауылында «сахнаға» тұңғыш рет қойылса, 1922 жылы Орынбор қаласында жеке кітап ретінде басылып шықты. Осы кезде «Еңлік-Кебек» пьесасы туралы С. Мұқановтың «Тілші» газетінде (2.10.1925 ж.), М. Шоқайдың «Еңбекші қазақ» газетінде (18.3.1928 ж.), «Бәйбіше-тоқал» пьесасы жайлы Д. Ысқақовтың «Ақ жол» газетінде (23.12.1923 ж.), «Сана» журналында (1924 ж.), Ғ. Сағдидың «Ақ жол» газетінде (16.12.1923), С. Садуақасовтың «Еңбекші қазақ» газетінде (31.1.1926) т.б. мақалалары жарияланады. Бұл мақалалар мен сын пікірлер жазушының екі пьесасын дұрыс бағалап әрі бағыт-бағдарын айқындап беруімен ерекшеленеді. Жазушы шығармашылығы жайлы алғаш пікір білдіргендердің қатарында К. Кемеңгеров, Ы. Мұстанбаев, С. Садуақасов, Ш. Тоқжігітов сияқты қазақ зиялылары бар. Ж. Аймауытовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесі туралы «Қазақ тілі» газетінде 22.04.1922 жылы жарияланған мақаласы Әуезовтанудың негізін қалаған еңбектің бірі болып саналады.

Академик Ә. Марғұланнның деректеріне қарағанда, Мұхтар Әуезовтің

қауым алдында, әдебиет жүзінде көріне бастауы 1917 жылдан басталады. Әсіресе оның атын көпшілікке әйгілі еткен сол кездегі «Абай» журналы болған. Журнал ұйымдастырушысының бірі де, оның негізгі мақалаларын жазған да М. Әуезовтің өзі.

Журналдың әр санында шыққан М. Әуезов мақалаларының «Ғылым», «Ғылым тілі», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Мәдениет және ұлт», «Оқу ісі» т.б. болып табылуының өзі-ақ осы тұстағы жас Мұхтардың терең таным-талғамынан біраз мағлұмат беріп тұрғандай.

Қашан көз жұмғанша қаламы қолынан түспеген, қазіргі өскелең әдебиеттің бар жанрына білек сыбана араласып, бір ғана проза емес, драматургия, сын саласында да қопарып жұмыс істеп, қазақ халқының рухани қазынасын қолма-қол байытқан ірі қайраткер. М. Әуезовтің арқасында қазіргі қазақ әдебиетінің абыройы мен ажары артып айбарлана түсті, бұл даусыз. Мұхтар Әуезов дүние салардың алдында бірнеше жыл бұрын қазақ әдебиетінің бүгінгі мен болашағын қатты ойлап тебіреніп кеп, «қазір біздің жәрменкеден қайтып оралған шағымыз» деп тірлікте әркімнің-ақ аузы бара бермейтін ащы шындықты өз тұтастарының ішінде алғаш айтқан еді [2].

Кенестік әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуымен тұстас келген Әуезовтану өзінің даму жолында қайшылықты да күрделі кезеңдерді өткерді. 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басында М. Әуезовке «қазақ ұлтшылдығының жас идеологтарының бірі», «Алашорданың белсенді қайраткері», «Қазақ байшылдығының ұлтшыл идеологы» деген сияқты ауыр айыптар тағылып, саяси-идеологиялық қысымға түсіп, тұрпайы социологиялық сынға ұшырады. Орталықтағы пролеткультишылдар ұстанған тұрпайы социологиялық таным әдебиет саласында да өз жалғасын тауып жатты. Өткен заманның әдебиет өкілдеріне және олардың шығармаларын қарағанда олардың шыққан табы мен әлеуметтік тегі негізге алынды. Олардың туындыларына баға бергенде де осы тұрғыдан қаралды. Қазақ зиялыларын қаралаған мақалалар көбейді. Алайда М. Әуезов шығармаларының зерттелуі толастаған жоқ, соның негізінде Әуезовтану ғылымы да қалыптаса берді.

Ұлы жазушы шығармашылығында 1917-1932 жылдар аралығы идеялық-көркемдік ізденістің молдығымен дараланса, 1932-1941 жылдар – шығармашылық келбетінің әбден қалыптасып, қазақ театр өнерін алға сүйрелеген шағы. Жазушы өз ғұмырында туған халқымен бірге небір тар жол тайғақ кешулерді өте отырып, тарихтың небір қайталанбас саяси-әлеуметтік сілкіністері мен тоталитарлық жүйенің әділетсіз қыспағында өмір кешті. Тағдыры қызық Мұхтар Әуезов туындылары да осы жағдайға орай әдебиет сынында қарама-қарсы бағытта бағаланып, екі ұдай ұғымдар тудырып келді. Ең дарынды көркем туындыларының өзі мен іргелі еңбектері де замандастарының көз алдына келер ұрпақ санасына жетпей

ақтаңдақтарға немесе жартылай ақтаңдақтарға айналып жатты.

Бұлар жазушының алты томдық, он екі томдық шығармалар жинағына енбей кетті. Міне, осындай тағдыр-талайы алмағайып саяси-әлеуметтік жағдайда, ұлттық сана атаулының тамырын кесіп, халықтың тарихи жадына қол салып, өткеніне салғырт, немкетті қарайтын тоғышарлық сана сіңдіріліп жатты.

Әсіресе, бұл кезеңде Әуезовтің драмалық шығармаларының қойылымдары туралы мақалалар көп жазылды. Мәселен, 1917-1940 жылдар аралығында М. Әуезов шығармаларына қатысты жазылған 140-тан астам мақалалардың бәрі дерлік оның драмалық шығармаларын талдауға арналған. Қазақ әдебиеті тарихында өзге авторлар жазған драмалық шығармалар жөнінде бірсыпыра сын мақалалар басылым көргенімен, олар сан және сапа жағынан жеке Әуезовтің драмалық шығармаларына жазылған мақалалардың деңгейіне жете алмады. ҚазАПП сыны Алашорда әдебиетін жаппай жоққа шығарып жатқан кезде, М. Әуезовті де әшкерлеу негізгі міндеттердің бірі саналды. С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932 ж.) атты кітабында басқа да алашордашыл жазушылармен бірге М. Әуезовке де жеке тарау арналып, шығармалары идеялық жағынан сыналды. 30-шы жылдары М. Әуезовке «Алашшыл», «Байшыл», «Ескішіл» деген сияқты айыптар тағылып, кей туындылары «зиянды» деп танылды.

Әуезовтанудың екінші кезеңі М. Әуезовтің есімін дүние жүзіне әйгілі еткен «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі», – деп француз жазушысы Луи Арагон баға берген «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Абайтану саласындағы еңбектеріне тікелей қатысты болып саналады. «Абай» романының жарық көруіне орай (1942), бұл шығарманы қазақ әдебиетінің зор табысы деп бағалаған Б. Кенжебаевтың, Е. Ысмайыловтың, Т. Нұртазиннің, Ғ. Мүсіреповтің т.б. пікірлері жарияланды. Романның 2-кітабы жарық көрген соң (1947), одақтық мерзімді басылымдарда В. Жирмунскийдің, Л. Климовичтің, З. Кедринаның, М. Фетисовтың, П. Скосыревтің т.б. мақалалары басылды [3].

Жазушының көзі тірісінде жарық көріп, оларды 1950 жылға дейінгі өмір жолы мен шығармашылығының басты тұстарына қысқаша шолу жасаған З.С. Кедрина мен бұл ізгілікті істі әрі жалғастырған, жазушының 60-шы жылдарға дейінгі өмір жолынан анықтама беріп, шығармашылығына «Абай жолы» романының маңыздылығы тұрғысынан терең талдау жүргізген талантты әдебиеттанушы А. Нұрқатов еңбектерінің орны ерекше. Жазушының 60 жылдығына орай жазылған Ы.Т. Дүйсенбаев пен Е.В. Лизунованың зерттеу еңбегі де оның өмір жолы дүниетанымдық тұрғыдан тануға талпыныс жасаушылар үшін құнды дүние. М.О. Әуезов дүниеден өткеннен кейін республика әдебиеттанушылары, Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты мен әдеби-мемориалдық мұражай үйінің қызметкерлері жоспарлы түрде іргелі ізденістер

жасады. Соның арқасында танымал әдебиетші-сыншы, тарихшы ғалымдар М. Қаратаев, Е.В. Лизунова, Л.М. Әуезовалардың жазушының қиындығы мол шығармашылық өсу жолдарын тарихи тұрғыдан көрсеткен, көркем эстетикалық танымына терең талдау жасаған туындылары жарық көрді.

Соғыстан кейінгі жылдары идеологиялық қысым қайтадан күшейе түсті де, М. Әуезовтің шығармашылығы тағы да сынға ұшырады. Жазушының ұлтшылдығы жайлы бір жылдың өзінде 1951 жылы 15-тей мақала жарияланған. Әуезовтің шығармашылығындағы «буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар», «идеялық» кемшіліктерді сынауға республика баспасөзімен бірге Мәскеудің «Правда» (30.01.1953 ж.) газеті де атсалысты. М. Әуезовке қарсы соңғы шабуылды 1971 жылы Мәскеудің «Вопросы литературы» журналы жасады. Ондағы негізгі пікір «Абай жолы» шын мәніндегі роман емес, аңыз-әңгімелердің жиынтығы дегенге сайды. Әуезов шығармашылығының ғылыми тұрғыдан зерттеліне бастауы «Абай жолы» роман-эпопеясының аяқталып, 1959 жылы Лениндік сыйлық алуына байланысты болды. 1957 жылы «Абай жолына» арналған ғылыми-шығармашылық конференция өтіп, материалдар «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген атпен кітап болып шықты.

М. Әуезовтің алпыс жылдық мерейтойы қарсаңында ол туралы 25 мақала жарияланса, 70, 80, 90, 100 жылдықтары тұсында жазушының шығармашылығы жайлы жазылған мақала, зерттеулердің саны мен көлемі арта түсті.

Әуезовтанудың үшінші кезеңі М. Әуезовтің шығармалары әлемге танымал болып, жан-жақты зерттеу объектісіне айналған кезден басталады. Бұл кезеңде «Абай жолы» эпопеясы туралы белгілі әдебиеттанушы ғалымдар М. Қаратаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, А. Нұрқатов, З. Кедрина, Ы. Дүйсенбаев, Е. Лизунова, Р. Бердібаев, Л. Әуезова т.б. ғалымдар өз монографиялық зерттеулерін жариялады. Қазақ және шетел тілдерінде мыңдаған зерттеулер жарық көрді. Әуезов драматургиясынан кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, көлемді монографиялық зерттеу жұмыстары жазылды (Р. Нұрғалиев, Б. Құндақбаев, А. Тоқпанов, С. Ордалиев).

Әуезовтің дүниетанымы мен философиялық көзқарасы (Ә. Нысанбаев, А. Тайжанов), Қазақ әдеби тілін байытудағы орасан зор еңбегі (Ж. Жанпейісов, М. Балақаев, Е. Бектұрғанов, Р. Сыздықова т.б.), психологиялық, педагогикалық, эстетикалық ойлары (Қ. Жарықбаев, Қ. Есбаев, А. Тайжанов), көсемсөзі (Қ. Сыздықов), құқықтық танымы (Т. Күлтеев) жөнінде іргелі зерттеулер жарық көрді.

1950-60 жылдары әуезовтану ғылымына құнды монографиялық еңбектер келіп қосылды. Олар: М. Қаратаевтың «М. Әуезов», Ы. Дүйсенбаевтың «М. Әуезов», А. Нұрқатовтың «М. Әуезовтің творчествосы», Е.В. Лизунованың «М. Әуезовтің шеберлігі», Л.М. Әуезованың Әуезов творчествосында Қазақста

н тарихының проблемалары, Ә. Байтанаевтың «Шын шеберлік», Р. Нұрғалиевтің «Трагедия табиғаты», «Күретауы».

Кейінірек әдебиеттанушыларымыз өз зерттеу аяларын кеңейтіп, жазушы шығармашылығының сан-салалы бағыттарына бетбұрыстар жасады. Ғалым әдебиеттанушылар Ы. Дүйсенбаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Нұрғалиев, К. Сыздықов, басқа да көптеген зерттеушілеріміз оны әдебиеттанушы, сыншы, аудармашы, драматург, көркемсөз шебері ретінде танытқан көлемді монографиялық еңбектер жазды. Ал Мұхтар Әуезов абайтану мәселелері бойынша еткен еңбектері, ізденістері мен табыстары туралы жазылған М. Мырзахметұлының ғылыми монографиясының орны өз алдына бір бөлек.

Өткендегі өмір болмысын, өз табиғатына сай айрықша құбылысты кімде-кімнің болса да терең танып, білгірлікпен пайдаланып, сырлы сөзбен қайталанбас көркемдік әлем жасауы екіталай болар. Мұхтар Әуезов қай заманда да көшпелі өмір болмысының қайталанбас кемеңгер суреткері болып қала бермек. Міне, осы ерекшеліктердің өзі де жазушы тілінің сөздігін жасау – кезек күттірмейтін ділгір де ғылыми әрі практикалық мәні терең мәселе ретінде алға қойылуда.

Әуезовтану тарихын жасау арқылы кемеңгер жазушының зерттелу жайы, қай мәселені алдымен зерттеу нысанасына алып, келесі мәселеге аяқ басудың жолын таппақпыз. Әуезовтану саласында бұл іспеттес ғылыми таным тұрғысынан қарап үңілу – қазіргі замандағы қазақ әдебиетінің кейбір күрделі мәселелерін танып-білуге бағыт-бағдар бере алар құбыламызға айналары хақ деп көрсетті [3].

К. Сыздықовтың «М. Әуезов – әдебиет сыншысы», «Мұхтартанудың беймәлім беттері», Б. Майтановтың «М. Әуезов – суреткер» сияқты монографиялық еңбектері әуезовтану ғылымының дамуына зор үлес қосты. «Абай жолы» эпопеясы басқа да қоғамдық ғылым салаларының зерттеу объектісіне айналды. М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөзі» (1979 ж.) жарық көрді. «М. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (1917-1971 жж.), «М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» атты көлемді еңбек жасалынды. М. Әуезовтің шығармашылық мұрасы жайлы ондаған диссертациялық жұмыстар жазылды.

1967-1969 жж. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары М. Әуезов шығармаларының 12 томдығын, 1979-1985 жж. 20 томдығын жариялады. 1997 ж. 50 томдық толық жинағын шығару қолға алынды. М. Әуезовтің шығармашылығы туралы З. Ахметов, Р. Бердібай, М. Мырзахметұлы, Б. Құндақбайұлы, Т. Жұртбай, Т. Әкімов т.б. еңбектері жарық көріп, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Институттың қатысуымен М. Әуезовтің 80 жылдығына арналған салтанатты жиналыстар мен ғылыми-теориялық конференциялардың материалдары «Мұхтар Әуезов – совет

әдебиетінің классигі» (1980), жазушының 90 жылдығына байланысты мерекелік шаралар мен ғылыми конференциялар материалдары «Мұхтар Әуезов және қазіргі заманғы әдебиет» (1989) жинақтары жарық көрді.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен 2002 жылдан бастап «Әуезов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді.

1997 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде аталып өтуіне байланысты, жазушы шығармашылығы туралы зерттеулер жаңа бағытта өріс алып, көптеп жариялана бастады. Баспасөз бетінде жүздеген материалдар жарияланды; ондаған зерттеу, естелік, көркем кітаптар жарық көрді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары «Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара» (1997 ж.), «М. Әуезов үйі» ғылыми орталығы «М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», «М. Әуезов туралы естеліктер» (1997 ж.), «Мұхтар әлемі» атты ұжымдық кітаптар шығарды. Мерейтой қарсаңында шыққан М. Мырзахметұлының «Әуезов және Абай», «Восхождение Мухтара Ауэзова к Абая», «Абайтану тарихы», Т. Жұртбайдың «Талқы», «Бесігінді түзе», Р. Бердібайдың «Мұхтар шыңы», К. Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері», З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім», З. Ахметовтің «М. Әуезовтің роман-эпопеясы», Р. Нұрғалидың «Әуезов және Алаш», Ө. Күмісбаевтың «Мұхтар Әуезов және әдебиет әлемі» атты еңбектері М. Әуезовтің әдебиеттегі орнын арттырып, әуезовтанудың көкжиегін кеңейте түсті. Тәуелсіз елдің ұлттық мүддесі тұрғысынан жазушы шығармашылығын жаңаша бағалаған тың еңбектер болды.

Ә. Молдахановтың «М. Әуезов – фольклортанушы», А.Тайжановтың «М.Әуезовтің дүниетанымы» (орыс тілінде) т.б. атты еңбектерінде М. Әуезовтің жазушылық дарыны мен ғалымдық тұлғасы анықтала түсті. М. Әуезовтің туыстары Г. Омарханова мен Ә. Әзиевтің «Мұхтар аға», М. Әуезованың «Тұңғышы едім әкемнің» атты естеліктер кітабында жазушының өмір жолына, жеке басына қатысты деректер мол айтылды.

Жазушы К. Оразалиннің «Абайдан соң» атты төрт кітаптан тұратын романы (1982, 1987, 1989, 1995 жж.) – М. Әуезовтің тұлғасын көркем туындыда эпикалық кең құлашпен сомдаған еңбек. Д. Досжанның «Мұхтар жолы» (1998 ж.), «Алыптың азабы» (1997 ж.) шығармаларында М. Әуезовтің ұлы тұлғасын көркемдік тұрғыдан бейнеленеді.

2011 жылы «Атамұра» баспасынан «Мұхтар Әуезов энциклопедиясының» жарық көруі әуезовтануға қосылған ең бағалы да құнды еңбек болып табылады. Редакция жазушының өсіп-өнген ортасы, айналасы, шығармашылық мұрасы мен басқа да мәселелерді жан-жақты қамтыған 3 мыңдай мақала мен 500-ге жуық суреттерді жинақтаған. Энциклопедияға әр тақырыпта мақалалар жазған

авторлардың саны 200-ден асады.

Осы жылдың тағы бір үлкен жетістігі – М. Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағының көп жылғы еңбектің соңғы 50-томы жарық көруі еді.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап әуезовтану саласында жазылған зерттеу еңбектерінің бағыт бағдары да өзгеріп, ғылыми тұрғыдағы ұлттық таным негізі шешуші орынға шыға бастады. Кеңес дәуірі кезеңіндегі социалистік реализм тұрғысынан ғана тар шеңберге салып қарастырған мұраларды бүгінгі күні тәуелсіз қазақ елінің өзіндік көзқарасымен бағалау дұрыс жолға қойылды. Коммунистік идеологияның әсерімен жазылған шығармалар жаңа тұрғыда қарастырылып, М. Әуезов шығармаларындағы тәуелсіздік идеясының көрініс табу принциптері мен әдістері көрсетілді.

Еңбектің сұранысы мен ұсынысына әсер ететін әлеуметтік факторларға ұсынылған еңбектің сапасы және қызметкердің біліктілігі, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі, білім беру жүйесінің дамуы, кәсіподақ қозғалысының дамуы, денсаулық сақтау жүйесінің дамуы және еңбек жағдайының өзгерісі енеді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ең бірінші мәселе ретінде қазақстандықтардың еңбекпен толық қамтылуы мәселесін қарастырған. Ол оқытудың тиімді жүйесін қалыптастыра отырып, адамдарды жұмысқа орналастыруға көмектесу және еңбек ресурстарының мобильділігін арттыруға негізделген. Мұның өзі 2020 ж. 1,5 млн адамды сапалы еңбекпен қамтамасыз етуге ықпал ететіндігін атап көрсеткен. Экономиканың жандану және өрлеу кезеңдерінде, жоғарғы деңгейдегі нарықтық жағдаяттың қалыптасуына байланысты жаңа кәсіпорындар ашылады, бұрыннан жұмыс істейтін кәсіпорындар ұлғаяды, және соның салдарынан жаңа жұмыс орындары ашылады да жұмыс күшіне деген сұраныс артады. Мұның нәтижесінде еңбектің бағасы неғұрлым өседі де халықтың әлеуметтік жағдайы

жақсарады.

Нарықта сұраным мен ұсыным заңы жұмыс жасайды және ол еңбекақыға әсер етеді. Мұнда жұмыс күшін сатушылар мен сатып алушылар кездеседі. Өзінің жұмыс күшін ұсынатын жұмыскерлер, яғни өзінің жұмысқа қабілеттілігін сатушылар болып табылады. Біздің елімізде еңбек рыногын мойындау үшін жұмыс күшінің әлеуметтік-экономикалық табиғаты мен оның өндіріс құрал-жабдығымен қосылу әдісін түбегейлі өзгерту керек. Жұмыс күшінің өндіріс құрал-жабдығымен қосылуын нерықтық әдіспен сатып алу-сату жолы арқылы жүзеге асады.

Егер жұмыс күшін тауар десек, онда оның құны жайлы әңгіме туындайды. Шын мәнінде, жұмыс күші құнын өмір сүру жабдықтары қажеттіліктер құнына теңестіруге болады, яғни жұмыскер мен оның отбасының өмір сүруі осы қажеттіліктер құнына пара-пар болады.

Қазақстан Республикасында тәжірибесінде енді ғана тұрғындарды жұмыспен қамтудың нарықтық механизмге өтуі қарастырылуда. Қазіргі кезде жұмыспен қамту қатынастары терең дағдарысты басынан кешіруде. Оның себебі, әміршілдік экономика жағдайында жұмыспен қамту қатынастары тоталитарлық орталықтан жоспарланған еді. Бұрынғы әміршілдік қоғам толық жұмыспен қамту міндетін және тұрғындардың тиімді еңбекпен қамтылуын шеше алмады.

Еңбек нарығы нарық түрінің ішіндегі ең жетілмегені болып табылады. Өзінің жұмыс күшін ұсынатын жұмыскерлер, әдетте, олардың еңбегіне сұранымның бар немесе жоқтығы туралы мәліметтермен толық ақпараттанбаған. Олар өзінің қаласының шеңберіндегі бос жұмыс орнының барлығын толық білмейді. Ал басқа аймақта жұмыс орнының болуы туралы тіпті хабарсыз. Нарық жағдайында экономикалық еңбекті ауыстыру заңы жұмыс атқарады. Оның мәнісі мынада: өзінің экономикалық жағдайын жақсарту үшін белсенді жұмыс жасау керек, ол болса тұрақты жетілдіруді қажет етеді және бүкіл өмір бойы еңбек еткен кезеңде қызмет сапасы түрін өзгерткені абзал.

Дамыған елдердегі рынок өзінің өзгермелі конъюктурасына қарай, жұмыскерлердің үштен екісін үнемі оқуға итермелейді. Жапонияда, мысалы, әрбір екінші жұмысшы белгілі бір жерде оқиды. Осы елде сапа үйірмелері, тәжірибемен алмасу тобы, жаңа технология және еңбек тәсілдерін игеру құбылыстары кең тараған. Швецияда еңбекке байланысты арнайы заң қабылданған. Заң талабына сай, әрбір жұмыскерге жұмыс уақытының есебінен кез келген курста оқуға құқылы және ешқашан жалақысын жоғалтпайды. Сондықтан да жұмыскердің оқуы мен білім дәрежесі жоғары бағаланады. Бұл процес – нарықтық принципке

көшетін экономика үшін қажетті құбылыс. Финляндияда мысалы, осындай орташа мерзім кезінде мамандық та өзгертіледі немесе халық шаруашылығында айналысатындардың үштен бір бөлігі басқа жұмысқа ауысады.

Еңбек нарығында тепе-теңдік сұраным мен ұсыным көмегімен бекітіледі. Еңбекке деген сұраным мөлшері жалақы мөлшерінен кері пропорционалды байланыстылықта болады. Жалақы мөлшері көтерілген кезінде фирмалар нарықтық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жұмыс күшіне сұранымды төмендетуі қажет, ал жалақы мөлшері төмендегенде еңбекке сұраным артады. Жұмыс күшіне деген ұстаным нақты байланысқа іс-әрекет етеді.

Америкалық экономист П. Самуэльсонның ойынша, қоғамдағы еңбекке деген ұстаным төмендегідей факторлармен анықталады [5]:

- тұрғындардың жалпы санымен;
- жалпы тұрғындар санындағы өз бетінше тұратындардың үлесімен құралады;
- жыл немесе апта бойынша жұмысшының атқаратын орташа санымен;
- жұмысшының жұмсайтын еңбегінің сапасы, саны және біліктілігімен.

Сұраныс пен ұсыныс механизмдерінің жұмыс істеу нәтижесінде еңбек нарығы келесідей қызметтерді атқарады:

- еңбек сұранысы мен ұсынысын реттеу;
- жұмыс күшін өндіріс құралдарымен (капиталмен) біріктіру мақсатында шарт жасасу үшін жұмыс күшін сатушылар мен сатып алушылар (жұмыс берушілер) арасында кездесуді қамтамасыз ету;
- жұмысшылар арасында жұмыс орны үшін, ал жұмыс берушілер арасында жұмыс күшін жалдауға бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- тепе-теңдіктегі (басымдықтағы) бағаны белгілеу;
- толық, бірақ экономикалық тиімді жұмыспен қамтылуды жүзеге асыру.

Еңбек нарығындағы жұмыссыздықтың онтайлану механизмін қарастыра отырып, оны реттеудің басқа да механизмдерін бөліп көрсетеді, зерттеушілердің ойынша, жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мақсатында заманауи жағдайларда ресми мақұлданған болуы мүмкін. Оларға жататындар:

- еңбек төлемін қаражаттандырудың түрлі тәсілдері;
- жұмыс орындарын үлестеу механизмдері;
- азаматтарды жедел қайта оқытуды ұйымдастыру;
- азаматтарды аумақтық қайта бөлуді ынталандыру;
- жұмыс уақытының икемді тәртібі шарттарындағы еңбекке жұмыс орындарын ашуға жұмыс берушілерді ынталандыру;
- қоса атқарушылықты реттеу;
- уақытша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Жастардың еңбек нарығына қатысты мемлекет жүргізіп отырған са-

ясат мемлекеттік және аймақтық жастар бағдарламалары аясында әртүрлі заңнамалық актілерді іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл құжаттарды жүзеге асырудың негізгі мақсаты жастардың заманауи еңбек нарығын қалыптастыруға ықпал ететін механизмдер әрекетінде жастардың түрлі проблемаларын шешу болып табылады. Сондықтан аталған кезеңде институционалдық механизмдердің әрекеті негізгі мәнге ие деп есептейміз.

Институционалдық механизмнің әрекеті кезінде түрлі заңнамалық актілер мен жастар бағдарламаларының негізгі ережелерін жүзеге асыру, өз кезегінде, институционалдық мақсат ретінде болатын жастардың еңбек нарығын реттейтін әлеуметтік және экономикалық механизмдердің тиімді жұмыс істеуіне ықпал етуі тиіс.

Еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-инфрақұрылымдық қызмет ету тетіктерін жетілдіру, облыс тұрғындарын жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғаудың белсенді формасы ретінде жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау, қоғамдық бағдарлама жасау негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр, ол өз кезегінде ғылыми тұрғыдан зерттеуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егеменді Қазақстан. – 2012. – 14 желтоқсан.
2. Джумабаев С.К. Еңбек рыногы экономикасы: оқу құралы / С.К. Джумабаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 237 б.
3. Шеденов Ө.Қ. Жалпы экономикалық теория: оқулық / Ө.Қ. Шеденов. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2004. – Б. 185-198.
4. Жумабаев С.К. Рынок труда в казахстанской экономике / С.К. Джумабаев. – Алматы: Ғылым, 2000. – С. 352.
5. Рынок труда: учебник / Под редакцией В.С. Буланова. – М.: Издательство «Экзамен» 2010. – 480 с.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.A., *Qazaqstan 2050 Strategijasy qalyptasqan memlekettin zhana sa-jasi baqyty El Prezidentinin Qazaqstan halqyna Zholdauy. Egemendi Qazaqstan. 2012 (in Kaz).*
2. Dzhumabaev S.K., *Enbek rynogy jekonomikasy. Oqu quraly. Almaty. Qazaq universiteti, 2003, 237 (in Kaz).*
3. Shedenov O.Q., *Zhalpy jekonomikalyq teorija. Okulyq. Aqtobe. A Poligrafija, 2004, 185, 198 (in Kaz).*
4. Zhumabaev S.K., *Rynok truda v kazahstanskoj jekonomike. Almaty. Qylym, 2000, 352 (in Russ).*
5. *Rynok truda. Uchebnik. Pod redakciej V.S. Bulanova. M. Izdatel'stvo Jekzamen 2010, 480 (in Russ).*

ӘОЖ 37.091.1

А.Е. БАЗАРОВА, Н.А. ЗАВАЛКО

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері, педагогикалық кәсіби құзырлығы, педагогтің кәсіби көрсеткіші, педагогтің дайындығы және қабілеттенуі арқылы іс-әрекеттерді меңгерудің әдістері мен алға қойылған міндеттерді шешу мүмкіндіктері, сонымен қатар педагог мамандықтың ерекшеліктері мен мұғалімнің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін құраушы компоненттері қарастырылған.

Түйін сөздер: құзырет, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік.

**ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОСНОВАНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ**

В данной статье рассмотрено формирование профессиональной компетентности научно-педагогического основания будущих учителей. Приглашение педагога на фестиваль педагогического профессионального ведения методы решения задач, а также подготовки и пробуждаются действий профессиональной показатель приглашение педагога на фестиваль, и поставленных комплекующих компоненты педагогических профессии учителя аккредитации компетентности профессиональной личностных особенности и возможности владения через работ.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, профессиональная компетентность, педагогическая компетентность.

**FORMATIONS OF PROFESSIONAL COMPETENCE
OF FUTURE TEACHERS SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL BASES**

In this article of professional competence scientific and pedagogical formations of future teachers of the basis. Festival invitation of the teacher pedagogical professional maintaining

methods of the solution of tasks, and also preparation and to waken actions professional the indicator festival invitation of the teacher, and the put accessories components pedagogical professions of the teacher of accreditation of competence professional personal features and possibilities of possession through works.

Keywords: competence, competence, professional competence, pedagogical competence.

Ұстаз – адамдардың өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, оларға өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектесетін, айналасына білім-тәрбие нәрін шашып, адамгершілік нұрын төгетін қоғамдық қайраткер, ойшыл тұлға. Ол жеке адамдардың өмірінің дұрыс бағытта дамып, көркеюіне себепші болып, олардың тағдырында шапағатты із қалдыратын өмір тәжірибесі мол дана адам болып табылады. Педагогикалық мамандықтың ерекшеліктері деп әсіресе педагогтің ізденімпаздығын, білуге деген құмарлығын, артық білуге ұмтылуын айтады [1].

Педагог мамандығы басқарушы әрі түрлендіруші болып табылады. Тұлғаның дамуына басшылық жасау үшін құзырлы болу қажет. Педагогикалық кәсіби құзырлылық – педагогтің кәсіби көрсеткіші, педагогтің дайындығы және қабілеттенуі арқылы іс-әрекеттерді меңгерудің әдістері мен құралының шынайылығында, алға қойылған міндеттерді шешу мүмкіндігінде көрінетін нәтиже [2].

Педагогтік дайындық (кәсіби білім, білік және дағды) мазмұнына қойылатын талаптар кәсіптік біліктілік сипаттамасында қарастырылады. Кәсіптік біліктілік – қызметтің нақты бір түрінде белгілі деңгейдегі және қиындықтағы еңбек міндетін орындауға мүмкіндік беретін қызметкердің кәсіби дайындық сатылары. Яғни біліктілік – мұғалімге теориялық және практикалық тәжірибе деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы. Психологиялық-педагогикалық дайындық педагогиканың әдіснамалық негіздері мен категорияларын, тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуін, оқыту мен тәрбие технологияларын, балалардың физиологиялық және психикалық жас ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын білуді қажет етеді. Психологиялық-педагогикалық және арнайы (пән бойынша) білім қажетті, бірақ кәсіби құзырлылыққа жеткіліксіз жағдай. Олардың көпшілігі интеллектуалдық және практикалық білік мен дағдыларға теориялық, практикалық және әдістемелік білім болып табылады. Кәсіби құзырлылықтың құрылымы педагогикалық біліктілік арқылы ашылады [2].

Білім беру саласындағы «құзыреттілік» түсінігі 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиетінде, ал 1980 жылдардың соңындағы отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді.

Педагогика ғылымында «кәсіби құзыреттілік» түсінігі бірнеше ұғым береді:

- еңбектің нәтижесін анықтайтын білім мен дағдының жиынтығы;
- жеке қасиеттері мен қабілеттерінің комбинациясы;
- білімі мен кәсіби ерекшелік жеке қасиеттерінің кешені;
- қызметке теориялық және тәжірибелік дайындығының бірлігі;
- іс-әрекеттерін мәдени түрде көрсете білу мүмкіншілігі және т.б.

Біз кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырамыз.

Ұстаздың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративті қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты), экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады [3].

Біздің көзқарасымыз бойынша, коммуникативтік құзыреттілік, біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысу, негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас негізінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.

Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы ізгілік, құндылық болып табылады.

Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады.

Операционалдық құзыреттілік ұстаздың қажетті кәсіби іс-әрекетін іске асырудағы дағдының жиынтығымен анықталады: болжамдық, жобалық, пәндік-әдістемелік, ұйымдастырушылық, педагогикалық импровизация, сарапшылық.

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттілігінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып,

өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана білім алушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндігін табады [4].

Қазіргі қоғам кез келген педагогтен өз пәнінің терең білгірі ғана болуы емес, функционалды тұрғыдан сауатты, мемлекетіміздің нормативтік құқықтық базасын, ғылыми-әдістемелік материалдарды терең игерген, педагогика мен психология ғылымдарының негіздерін жете түсіне білуі өте маңызды. Осының бәрін ескере келіп, құзыреттілік моделі жасалды:

- педагогикалық технология және кәсіби шеберлік;
- инновациялық біліктілік;
- этномәдени және патриоттық негіздері;
- рухани дамыған білім құндылықтары;
- мектеп психологы;
- әлуметтік қызметкер;
- мұғалім субъект;
- оқушы субъект;
- оқытушылардың шығармашылық зертханасы;
- пәндік-әдістемелік бірлестіктер;
- топ жетекшілері бірлестіктері;
- ата-аналар және қоғамдық ұйымдар;
- ішкі сыртқы тестілеу нәтижелері;
- білім алушылардың ғылыми қоғамы.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үрдісі кәсіби білім, білік, дағдыны дамыту, педагогтің жалпы мәдени дамуын, оның тұлғалық көзқарасын және кәсіби маңызды сапаларын жетілдіруді көздейді.

Заман талабына сай педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруы да өзгеруде. Соның бірі – Кембридж тәсілдеріне негізделген шығармашылықты, астарлы ойларды талап ететін деңгейлік бағдарламалық курстары. Оқыту барысында әр мұғалімге өзінің шығармашыл әлеуеті, жеке көзқарасы өте маңызды. Біліктілікті арттыру бағытында мұғалім жаңашылдықты қабылдай отырып, өзінің тәжірибесіне қорытынды жасайды, сонымен қатар шеберлікті нығайтады. Біліктілікті арттыру жұмысы шеңберінде олар шығармашылықтың жаңа түрі: адамның өзін-өзі өзгертуі, қайта түлетуі арқылы кәсіби шеберліктің шыңына жетуі тиіс [5].

Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін құраушы компоненттерді мына кестеден көруге болады (1-кесте).

Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге, оқушы-студенттің құзыреттілігін

қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

1-кесте – Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін құраушы компоненттер

Компоненттері	Сипаттамалары
Мазмұндық	Білім алу, біліктілігін көтеру, өз білімін жетілдіру үшін арнайы білімді игеру мен жаңғыртып отырудың, теориялық білімін оқыту мен практикада қолдана білудің, білімді игеру және шығармашылықпен қолдану дағдыларын меңгерудің жүйесі
Уәждік	Кәсіби-теориялық және әдістемелік білімді меңгеруге, тиімді әрекет етуге және кәсіби шеберлікке ұмтылуға ынталылық
Еріктік	Өз назарын міндеттерді анықтауға және оларды шешуге шоғырландыра білуді, білімін шығармашылықпен қолдану
Кәсіптік	Өз білімін және оны практикада қолданудың тәсілдерін үздіксіз жетілдіре отырып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен кемелдендіруге деген қажеттіліктің дәрежесі
Әлеуметтік (мәдени)	Қоғамдық мәні бар мақсаттарға құндылықты қатынасының жүйесін: мақсаттылығын, өзіне және өзгелерге талапшылдықты, жауапкершілікті, эмоционалдық еріктік, беріктік (тұрақтылық), қызығушылық, тәуекелділік
Ұйымдастырушылық	Мұғалім әрекетінің функционалдық, психологиялық, тұлғалық-шығармашылық, коммуникативтік және технологиялық жақтарына құндылықты бағдар

Жаңа педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет:

– оқу үрдісін жетілдіруді жаппай қолға алу; оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандарттарымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу, өйткені оқыту – тәрбиенің негізі.

Жаңа технологияның өзін мұғалім түрліше (орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен) іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушының әрекеті –

оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады. Педагогтің кәсіби құзырлылығы өз деңгейінде қалыптасса, онда одан дәріс алатын оқушылардың дербестікке жетуі және жоғары деңгейде адамгершілік идеясы қаланып, оларда өзіндік реттелуі мен тұлғалық қасиеті толық қалыптасады [6].

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында соңғы жылдары кәсіби-педагогикалық, әдістемелік және ақпараттық-логикалық құзыреттіліктің жаңа компоненттері анықталып, толықтырылуда. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби ақпараттық-логикалық құзыреттілігін арттыруға бірден-бір себеп болады. Ақпаратты-логикалық құзыреттілік ұғымына арналған басты бағыттар дидактикалық нәтижеге жеткізетін мұғалімнің тұлғалық кәсіби шеберлігі, оқытудың ақпараттық-коммуникациялық, жаңа педагогикалық технологияларын пайдалана отырып, өз пәнін оқытуға теориялық, практикалық және әдістемелік дайындықтарының үйлесімділігі деп анықтауға болады. Ал ақпараттық логикалық құзыреттіліктің компоненттеріне тұлғалық, іс-әрекеттік, танымдық, аналитикалық-синтетикалық болжау, жүйелік-іс-әрекеттік ыңғай, жобалау, модельдеу, бағдарламалау қабілеттерін жатқызуға болады.

Мұғалімнің ақпараттық-логикалық құзыреттілігін кәсіби дайындық тұрғысынан арттыру жөнінде зерттеулердің тапшылығы жоғары оқу орындарында мұғалімнің кәсіби дайындығының мақсатын, педагогикалық алғышарттарын, әдістерін, құралдарын, оқыту технологияларын, әдістемелерін айқындай түсіп, мұғалімнің кәсіби ақпараттық-логикалық құзыреттілігі дидактикалық тұрғыда нәтижелі болатын тұлғалық кәсіпкерлігінен, практикалық іскерлігінен және өз пәнін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану шеберлігінен құрылатындығын анықтайды [7].

Тұжырымдай келгенде, оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды сауатты әрі тиімді қолдана білу оқытушыларға оқушылармен көбірек және нәтижелі байланыста болуға, жобалау кезінде және әртүрлі дәріске қатысты сұрақтарды анықтау барысында кеңесші ретінде «жекпе-жек» сөйлесулеріне, кәсіпқой байланыста болуға, ең бастысы, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа тәсілін іске асыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл

жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» – кәсіби қызметтің негізі. Өйткені ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген.

«Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді» [8].

Бүгінгі күнде оқыту жүйесіндегі алға қойылған негізгі мақсат – білімді ғана беру емес, оқуға үйрету, шығармашылық әдіс-амалын таба алуға үйрету, ізденіс әдістерімен қаруландыру, қабылдау, түйсік қабілетін жетілдіру, керек хабарды талдап одан қорытынды шығаруды әдетке айналдыру және тәжірибелік әрекетті тану барысында алынған және жинақталған білімді қолдана білу қабілетін жетілдіру.

Нақтырақ айтқанда, ғылымның, техниканың және ақпараттық технологияның дамуына байланысты келген әртүрлі инновацияны оқу үрдісіне енгізе отырып, жоғары кәсіптік білім берудің мақтанышы мен игілігі – білікті маман дайындауды сақтап қана қоймай, күшейту керек екендігі белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жубауова Ж. Мұғалім мәдениеті және кәсіби құзырлылығы / Ж. Жубауова // Қазақстан мектебі. – 2013. – №11. – Б. 15-16.
2. Жамантаева Қ. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кілті / Қ. Жамантаева // Қазақстан мектебі. – 2013. – №11. – Б. 15-16.
3. Құрманалина Ш.Х. Педагогика / Ш.Х. Құрманалина. – Алматы, 2008.
4. Тоқтағанова А.С. Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін дамыту – нәтижелі білім беру факторы / А.С. Тоқтағанова // Білім берудегі менеджмент. – 2009. – №4. – Б. 150-153.
5. Құдайқұлов Ә.М. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік / Ә.М. Құдайқұлов. – Алматы: Школа XXI века, 2006. – 76 б.
6. Сармалаева С.К. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын пайдалану арқылы студенттердің жан-жақты құзыреттілігін арттыру жолдары. – интернет материалы.
7. Құмалина Ш.Х. Педагогика: оқулық / Ш.Х. Құмалина [және т.б.]. – Астана: «Фолиант», 2007. – 656 б.
8. Алмешова Ж.К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері / Ж.К. Алмешова // Молодой ученый. 2014. – №4.1. – С. 31-33.

REFERENCES

1. Zhubauova Zh., *Muqalim madenieti zhane kasibi quzyrlylygy. Qazaqstan mektebi. 2013, 1, 15, 16 (in Kaz).*
2. Zhamantaeva Q., *Muqalimnin kasibi sheberligi bilim sapasynyn kilti. Qazaqstan*

mektebi. **2013**, 11, 15, 16 (in Kaz).

3. Qurmanalina Sh.H., *Pedagogika, Almaty*, **2008** (in Kaz).

4. Toqtaqanova A.S., *Muqalimnin kasibi tulqalyq quziretiligin damytu natizheli bilim beru factory. Bilim berudegi menedzhment*, **2009**, 4, 150, 153 (in Kaz).

5. Qudajqulov A.M., *Tvorchestvolyy zhane basekelestik qabiletilik. Almaty. Shkola NHI veka*, **2006**, 76 (in Kaz).

6. Qumalina Sh.H., Muqanova B.Zh., Qylmova A.U., Il'jasova R.K., *Pedagogika. Okulyq. Astana. Foliant*, **2007**, 656 (in Kaz).

8. Almeshova Zh.K., *Bolashaq muqalimderdin kasibi quzyrettiligin qalyptastyrudyn qylymi pedagogikalyq negizderi. Molodoj uchenyj*. **2014**. 4.1, 31, 33 (in Kaz).

ӘОЖ 373.31

Г.Н. ГУБАЙДУЛЛИНА¹, Е.Т. КАТАНОВА²

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

²Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Өскемен қ., Қазақстан

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ МОДЕЛІ

Мақалада Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері және бейімделу моделі мәселесі қарастырылады. Бейімделу моделі Назарбаев Зияткерлік мектебінде тәжірибелік-эксперименталды жұмысында тексерілді.

Түйін сөздер: білім беру, Назарбаев Зияткерлік мектебі, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер, бейімделу, дарындылық.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ АДАПТАЦИИ УЧАЩИХСЯ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

В статье рассматривается проблема создания модели психолого-педагогической адаптации учащихся Назарбаев Интеллектуальной школы. Психолого-педагогическая модель адаптации была апробирована в Назарбаев интеллектуальной школе.

Ключевые слова: образование, Назарбаев интеллектуальная школа, психолого-педагогические особенности, адаптация, одаренность.

PSYCHOLOGY AND PEDAGOGICAL MODEL OF ADAPTATION OF PUPILS NAZARBAYEV OF INTELLECTUAL SCHOOL

In article the problem of creation of model of psychology and pedagogical adaptation of pupils Nazarbayev Intellectual school is considered. The psychology and pedagogical model of adaptation has been approved in Nazarbayev to intellectual school.

Keywords: education, Nazarbayev Intellectual school, psychology and pedagogical features, adaptation, endowments.

Мектептегі кіші буыннан орта буынға өту – қызықты да күрделі кезең. Жаңа оқу мектебіне келген сәтте оқушылар үшін барлығы жаңа сияқты болып қабылданады: мұғалімдер, сабақтар, оқу түрі, сонымен қатар сыныптастар. Сондықтан ереже бойынша бірінші тоқсанның соңында балаларда оқу үлгерімі, есте сақтау зейіні, мектептік мотивация төмендеп, қажу, шаршау жоғарылап, сабақтар, тақта, мұғалімдер алдындағы қорқыныш пайда болады.

Біз аталмыш зерттеу тақырыбы аясында жаңа мектеп ордасына келген, кіші буыннан орта буынға ауысқанына ұзақ уақыт болмаған «дарынды оқушылар» тұлғасына сипаттама беріп, олардың психологиялық-педагогикалық тұрғыда бейімделу ерекшеліктері мен мәселелерін жан-жақты қарастыруымыз шарт. «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» дарынды оқушылары деп көп жағдайда бірге қолданамыз. Бұл мектептерге өте жоғары деңгейде конкурстан іріктеліп алынған дарынды оқушылар ғана қабылданады. Сондықтан психологиялық-педагогикалық бейімделу жайында сөз қозғағанда дарынды оқушылар тұлғасы мен ерекшеліктерін ескеру қажет деп санаймыз. Педагогикалық-психологиялық бейімделу кезеңінде сыныпта психологиялық комфорт жасау мен әрбір оқушыны қолдау кез келген жағынан өте маңызды. Мектеп қабырғасындағы қарқынды оқу бағдарламасы, артық жүктемелерден созылмалы шаршау сезімі оқушыларда мектеп алдындағы қорқыныштарын үдете түседі. Бұл факторлар мектептегі психологиялық-педагогикалық бейімсізденуге әкеліп, психосоматикалық аурулардың мүмкіншілігін жоғарылатады. Сондықтан мектебіміздегі жаңадан келген оқушылардың бейімделе алмаушылықтарының алдын алу – мектептегі педагогтер мен психологті біріктіретін ең маңызды міндеттердің бірі деп есептейміз. Сонда, осы дарынды оқушылардың тұлғасы қандай, ерекшеліктері неде, оларға аса зейін бөлу қажеттілігі бар ма?

Табиғат жаратылыстарының ішіндегі ең қызықты және ерекше сырға толы құбылыс болып саналатын балалардың дарындылығы дәстүрлі түрде алдыңғы орында тұр. Оны анықтау мәселелері, балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен әлемуметтену жағдайлары оқытушылар мен психологтерді талай жылдар көлемінде толғандырып келе жатыр. Заманауи тұлғалық-бағдарланған тенденция тұлғалық даму мен өзіндік қалыптасу құндылықтарының бірінші кезекке шығуымен тікелей байланысты. Дарынды және өнерлі балаларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудегі ең маңызды мәселе болып табылады. Ел арасында дарынды балалар үлкендер тарапынан көмекке, ерекше назарға және басқаруға зәру еместігі туралы пікірлер қалыптасқан. Дегенмен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты мұндай балалар өз жұмыстарына берілген бағаға, ойы мен әрекеттері сенсорлы стимулдарға ерекше сезімтал, қарым қатынас пен байланыстарды анағұрлым жақсы түсініп, сезінеді.

Балалар мен жеткіншектердің дарындылығы кең ауқымда диагностикаланып, талқыланып келеді. Дей тұрғанмен, мәселенің жалпыға кең таралғанына қарамастан, көптеген балалар, ата-аналар, оқытушылар және

психологтер үшін дарындылық әлі де жұмбақ болып қалып отыр. Дарындылық – мүмкіндік саласының ең үлкен сипаттамасы ретінде қарастырылатындықтан кешенді зерттеуді қажет етеді. Дарындылық – бұл өмір бойында жүйелі түрде дамитын, өзге адамдармен салыстырғанда бір немесе бірнеше салада жоғары, аса биік шыңдарды бағындыру мүмкіндігіне жол ашатын адамның психикалық ерекшелігі [1].

Бүгінгі күнде психологтердің пайымдауынша, дарындылық дәрежесі, сапалы кемелденуі мен даму сипаты – бұл тұқымқуалаушылық (табиғи шығу көздер) пен әлеуметтік орта, баланың тікелей іс-әрекеті (ойын, оқу, еңбек) арасындағы күрделі өзара байланыстың көрінісі. Сонымен қатар баланың жеке белсенділігі негізінде индивидуалды дарындылықтың туындауы, тұлғалық дамуының психологиялық механизмдері өте маңызды рөлге ие.

Дарынды бала – белгілі бір іс-әрекет саласында айқын, көрнекі, даусыз жетістіктерімен (немесе жетістіктерге ішкі алғышарттары бар) ерекшеленетін бала.

Бала жасы – мүмкіндіктері мен тұлғасы қалыптасатын кезең. Бұл уақыт баланың психикасында терең интегративті үрдістер орын алатын кезең. Интеграция деңгейі мен ауқымы дарындылық көрінісінің қалыптасуын анықтайды.

Дарындылық жиі жағдайда стихиялы, өнерпаз әрекеттерге қатысты салаларда сәтті көрініс табады. Мысалы, техникалық құрастырулармен айналысып жүрген бала аса дарындылықпен үлгілерін құрастыра алғанымен, мектептегі оқу және оқудан тыс бағдарламаларға (үйірме, секциялар, студиялар) мүлдем белсенділік танытпауы мүмкін. Оның үстіне, дарынды балалар көп жағдайда өз жетістіктерін көпшілікке жария қылуға аса қатты талпына бермейді. Мысалы, өлеңді аса шеберлікпен жазатын бала, өз туындыларын оқытушысынан жасыру жағдайлары болады.

Сол себептен баланың дарындылығы туралы тұжырымды тек мектептегі және сабақтан тыс белсенділігіне қарап қана емес, баланың өз шығармашылығымен айналысатын іс-әрекеттерін де назардан тыс қалдырмау қажет. Кей жағдайларда баланың ерекше мүмкіндіктеріне қарамастан дарындылығын тұншықтыратын немесе дамуын тежейтін қиындықтар болуы мүмкін, мысалы: тұтығу, мазасыздану, дауласуға бейім мінез және т.б. Осындай балаларға психология-педагогикалық көмек пен қолдау көрсетсе мұндай кедергілер шешімін табады.

Дарындылықтың сапалы сипаттамалары адамның психикалық мүмкіндіктері мен олардың белгілі бір салада көрініс беру ерекшеліктерін көрсетеді. Дарындылықтың сандық сипаттамалары оның айқындылық дәрежесін көрсетеді. Дарындылық түрлерін ажыратудағы қағидалардың ішінен келесілерді атап көрсетуге болады:

- іс-әрекет түрлері мен оны қамтитын психика бөлімінің түрі;
- жинақылық дәрежесі;

- көрініс табу формасы;
- әртүрлі әрекеттерде көрініс табу ауқымдылығы;
- жастық даму ерекшеліктері [2].

Практикалық іс-әрекетте дарындылықты салалар бойынша, яғни спорттық және ұйымдастырушылық деп ажыратуға болады. Танымдық іс-әрекетке пәндік мазмұнға байланысты интеллектуалды дарындылықты жатқызады (жаратылыстану және гуманитарлық сала, интеллектуалды ойындардағы және т.б. дарындылық).

Көркем-эстетикалық әрекетке – хореография, сахналық, әдеби-поэтикалық, бейнелеу және музыкалық дарындылық.

Коммуникациялық әрекетте – көшбасшылық және аттрактивті дарындылық.

Рухани құндылық әрекеті – жаңа рухани құндылықтарды құрастыру және адамдарға қызмет етумен сипатталатын дарындылық.

Дарындылықтың кез келген түрі нақты әрекетке сәйкес бөліктің басымдылығымен, барлық психикалық ұйымдасудың деңгейлерін біріктіру арқылы жүзеге асады [3].

Дарынды балалар басқалардан қарағанда айналадағы жағдайларды қабылдау күші басым, барлығын жылдам және кең ауқымда түсіне алады. Олар белгілі бір жағдайды басқа балалармен салыстырғанда көбірек көріп, естіп, сезінеді. Олар бір уақытта бірнеше жағдайларды бақылап жүре алады. Олардың қабылдау алаңынан интонация, ишара, поза, айналадағылардың барлық әрекеттері тыс қалмайды. Дарынды баланы әдетте бойына кез келген ақпаратты сіңіре алатын губкаға теңеп жатады. Дегенмен бұл мүмкіндік осалдық және жоғары сезімталдық сияқты теріс көріністермен етене қатар жүреді. Олардың қалыпты эгоцентризмі болып жатқан барлық жағдайларды тек өздерімен байланыстырып алатынына әкеп соғады. Ата-аналар баласының эмоционалды толқыныстарын сабыр және шыдамдылықпен қабылдаулары тиіс. Ондай балаларға айналадағы ескертулердің оларға тікелей қатысы бола бермейтіндігін, кейде адамдар ойланбай сөйлеп, әрекет етіп қоятынын және ол құбылыстарды өзіне қиянат ретінде қабылдай бермей керектігін үйретіп, түсіндіру қажет.

Ғылыми әдебиеттерге, зерттеулерге сүйене отырып дарынды балалардың бейімделуінде кездесетін мәселелерін ұсынылады:

1 Мектепті жақтыртпау. Оның себебі, дарынды балалар үшін жиі жағдайда оқу бағдарламасының қызықсыз, зеріктіретін болуы немесе керісінше, өз күшінің сәйкес болмай қалуына сенімсіздік. Өзін ұстауларының өзгеруі оқу жоспары олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келмегендіктен болуы мүмкін. Сонымен қатар мұғалімдердің осындай балаларға «онсыз да бәрін біледі» немесе «бұл баланың өзі ақ түсініп алатынын білемін» деген оймен қажетті назар аудармайды, ақыр соңында бала мектептен көңілі қалып, жиі жағдайда басқа салада қалыптасқысы келеді.

2 Ойындық қызығушылықтар. Дарынды балаларға күрделі ойындар ұнап,

құрдастарының ойындарына қызығушылық таныта бермейді. Осының салдарынан бала шеттеліп қалып, тұйықтала бастайды. «Жалғыз» қалып, өздерінің басқа балаларға ұқсамайтынына қайғырып, толымсыздық сезімі пайда бола бастайды.

3 Конформдылық. Дарынды балалар стандартты талаптарды терістеп, конформдылыққа бейім емес, тіпті бұл стандарттар олардың қызығушылықтарына толық қайшы келетін болса да. Осының салдарынан балада құрдастарымен, ата-аналарымен және оқытушыларымен қақтығысты жағдайлар туындауы мүмкін.

4 Философиялық мәселелерге ену. Дарынды балалар үшін өлім, өлгеннен кейінгі өмір, діни сенімдер, философиялық мәселелер сияқты ойлар жиі жағдайда тән болып келеді.

5 Физикалық, интеллектуалды және әлеуметтік даму арасындағы сәйкессіздік. Дарынды балалар жиі жасы үлкен балалармен араласқанды жөн көреді. Сондықтан оларға көшбасшы болу қиындық туғызады, себебі бұл әрекетті өз құрдастарының ішінде орындай салу оңайға түсетін болса да, бұл балалар ондайға қызығушылық танытпайды.

6 Жетілуге талпыну. Дарынды балалар үшін жетілуге іштей қажеттіліктің болуы тән. Соған байланысты қанағаттанбау сезімі, өз әрекеттерін адекватты емес деп қабылдау, өзіндік бағалауының төмендеуі туындайды.

7 Үлкендердің назарын қажет ету. Танымдық әрекеттерге талпыну барысында дарынды балалар оқытушы, ата-ана немесе өзге үлкендердің жеке назарын ерекше қажет етеді. Осының себебінен басқа балалармен даулы жағдайлар туындайды. Дарынды балалар интеллектуалды дамуы өздерінен төмен тұрған балаларға шыдамсыздықпен қарайды. Олар айналасындағыларына жиі ескертулер айтып, көңілі тоймай, өзінен алыстатады [4].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, дарынды балалармен жүргізілетін барлық жұмыстардың формасы баланың тұлғалық қасиеттерін басты назарға алуға, туындаған мәселелердің тиімді шешімін табуға бағытталуы тиіс.

Дарынды балаларды әлеуметтендіру соңғы уақытта кеңінен талқыланып, зор маңызға ие болып отыр. Дарындылықтың қарқынды дамуын қамтамасыз етуге жағдай жасау үшін балалар мен жасөспірімдерді жекелей қолдап, демеу қажет. Демеуді баланың индивидуалды ерекшеліктерімен сәйкестендіре жүзеге асыру тиіс. Дарынды балаларға өз мүмкіндіктерін, өнерлерін кеңінен жаюға жол ашып отыру қажет. Әлеуметтік жағдайларға сәйкес өмірлік жолын нұсқау қажет. Дарынды балаларды анықтау кешенді және индивидуалды, топтық бағдарлама аясында жүзеге асырылады. Бұл бағдарламада көптеген ақпарат көздері, психодиагностиканың валидті әдістері қолданылады. Негізінде, дарындылық диагностикасы дарынды балаларды таңдауға емес, сол балаларды дамытып, оқытуға бағытталуы тиіс. Сол себептен осы жұмыспен айналысатын мамандарға ерекше талаптар қойылады, тіпті оларды дайындықтан өткізудің арнайы формалары да құрастырылған.

Педагогикалық, психологиялық әдебиеттер талдамының негізінде

біз оқушылардың бейімделуі мәселелерін жан-жақты қарастырдық. Яғни кешенді психологиялық-педагогикалық жұмыстардың моделін жүйелі түрде ұсынбақшымыз. Бұл модельге біз Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін, мектеп базасында берілетін оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктерін және оларға қойылатын талаптарды түбегейлі ескердік. Бұл модель жобасын жасар алдында біздің алдымызда төмендегідей міндеттер тұрды:

- білім берудің басқа мамандарымен, педагогтермен, кураторлармен бірлесе отырып педагогикалық-бейімделу критерийлерін анықтап, ерекше назарды талап ететін оқушылармен жұмыс жүйесін анықтау;

- жалпы жағымды Мен-концепциясының қалыптасуына жағдай жасау (өзіндік қатынас, өзіндік сыйласымдылық, өзіндік қабылдау);

- оқушыларда эмоционалды тұрақтылықты қалыптастыру, стрессті өткеру, экстремалды жағдайлардағы мінез-құлықтарына әсер ету (конкурстар, олимпиадалар, емтихандар т.б.);

- оқушылармен жұмыс жасайтын педагогтердің біліктіліктерін арттыруға ұсыныстар беру (психологиялық құзыреттілік, психологиялық сауаттылық, психологиялық мәдениет).

Сондай-ақ психологиялық-педагогикалық бейімделуді зерттеу, қолдау, сүйемелдеу тиімді болады, егер:

- Назарбаев Зияткерлік мектебіне келген оқушылардың психологиялық-педагогикалық бейімделуіне кешенді түрде қатынасса: зерттеу, қолдау және сүйемелдеу;

- оқушылардың психологиялық-педагогикалық бейімделуіне объективті кешенді психодиагностика жасау және кең тұрғыда қолдану;


- оқушылардың оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық бейімделуін ескере отырып ұйымдастыру қағидаларын анықтау.

Сонымен, жоғарыдағы психологиялық-педагогикалық теориялық талдамдарымызға сүйене отырып, Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыларының психологиялық-педагогикалық бейімделу моделі ұсынылады (1-сурет).

Бейімделу – ол тек қана қоршаған ортаға ғана қабілеттену емес, сондай-ақ тұлғаның психологиялық, тұлғалық, әлеуметтік дамуға да қабілеттілік.

Бейімделген оқушы – бұл өзінің педагогикалық ортасындағы өзінің тұлғалық, физикалық, интеллектуалды және басқа да потенциалдарының толыққұнды дамуына қабілеттенген бала.

Мақсаты: оқушының педагогикалық ортаға (мектептегі қатынастар жүйесі) тиімді психологиялық-педагогикалық бейімделуіне психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау.



1-сурет – Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыларының психологиялық-педагогикалық бейімделу моделі

Сонымен, оқушылардың психологиялық-педагогикалық бейімделуін зерттеу, қолдау, сүйемелдеу жоғары деңгейде құрылымы, бірізділігі бар кәсіби

тұрғыда әрекет етуді талап етеді. Мұндай педагог-психолог жүзеге асыруға тиіс кәсіби әрекет білім беру мекемесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Анастаси А. Дифференциальная психология / А. Анастаси. – М.: Апрель-Пресс, 2001.
2. Дружинин В.Н. Психологическая диагностика способностей: теоретические основы / В.Н. Дружинин. – Саратов, 1990.
3. Лейтес Н.С. Одаренные дети / Н.С. Лейтес // Психология индивидуальных различий. – М., 1982.
4. Теплов Б.Е. Способности и одаренность / Б.Е. Теплов // Психология индивидуальных различий. – М.: 1982.

REFERENCES

1. Anastazi A., *Differencial'naja psihologija. M. Aprel', Press, 2001 (in Eng).*
2. Druzhinin V.N., *Psihologicheskaja diagnostika sposobnostej: teoreticheskie osnovy. Saratov, 1990 (in Russ).*
3. Lejtes N.S., *Odarennye deti. Psihologija individual'nyh razlichij. M., 1982 (in Russ).*
4. Teplov B.E., *Sposobnosti i odarennost'. Psihologija individual'nyh razlichij. M. 1982 (in Russ).*

УДК 37.013:78.085.5

Н.А. ЗАВАЛКО, Л.Л. МАМУКАНОВА

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

АНАЛИЗ РЕЗУЛЬТАТОВ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО ВЛИЯНИЮ ИЗУЧЕНИЯ БАЛЕТНОГО ЖАНРА НА ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ КОМПЕТЕНТНОСТЬ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

Цель данной статьи: показать возможность использования жанра балета в подготовке будущих учителей музыки, имеющего существенные возможности для развития профессионализма будущих специалистов. Была проведена экспериментальная работа по внедрению спецкурса «Жанр балета» в учебный процесс. В данной статье приведен анализ полученных результатов и хода экспериментальной работы.

Ключевые слова: музыкальный жанр, методика преподавания музыки, анализ музыкальных произведений, экспериментальная работа.

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНДЕГІ БАЛЕТ ЖАНРЫН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақаланың мақсаты – болашақ мамандардың кәсібилігін дамыту үшін болашақ музыка мұғалімдерін дайындауда балет жанрын пайдалану мүмкіндігін көрсету. Оқу үрдісінде «Балет жанры» арнайы курсы бойынша эксперименталды жұмыстар

жүргізілді. Мақалада алынған анализдердің нәтижелері және жұмыстардың жүргізілуі ұсынылды.

Түйін сөздер: музыкалық жанр, музыка оқыту әдістері, музыкалық жұмыстарды талдау, эксперименттік жұмыс.

ANALYSIS OF THE RESULTS OF EXPERIMENTAL WORK ON THE EFFECT OF STUDYING BALLET GENRE IN THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF THE FUTURE TEACHER OF MUSIC.

The purpose of this article: to show the ability to use the ballet genre in the preparation of the future teachers of music, which has significant potential for the development of future professionals professionalism. Our experimental work on the introduction of a special course «Genre Ballet» in the educational process was carried out. This article is an analysis of the results and progress of experimental work.

Keywords: musical genre, music teaching methods, analysis of musical works, experimental work.

Актуальность данной проблемы обусловлена тем, что одной из главных задач высшего педагогического музыкального образования в РК на современном этапе является сочетание личностно-творческого развития студентов и подготовки к будущей профессии [1]. Это требует иных подходов к содержанию учебных программ, которые должны учитывать как специфику академического музыкального образования, так и те требования, которые предъявляются к музыкально-образовательному процессу современной социокультурной ситуацией. Особое значение в этом процессе имеет использование жанрового разнообразия, при этом каждая разновидность музыкального жанра требует от воспринимающего «включения» определенного типа установки, появления так называемого экстрамузыкального стимула, способного «выводить» воображение слушателя за физические границы произведения [2]. Вместе с тем, как показало проведенное исследование, жанр балета, имеющий существенные возможности для развития профессионализма будущих специалистов, практически не используется в учебном процессе вуза.

В рамках нашей экспериментальной работы, проводимой со студентами специальности «Музыкальное образование» по внедрению спецкурса «Жанр балета» в учебный процесс было проведено следующее: исходная диагностика уровня знаний и умений студентов через тестирование, опросы, анкетирование; выявление мотивации и интересов через написание творческой работы – эссе на свободную тему, посвященную балету; проведение учебных занятий в рамках тем разработанного спецкурса «Жанр балета»; проведение итогового среза уровня знаний и умений по основным целям предлагаемого курса в экспериментальной и контрольной группах. В данной статье приведен анализ полученных результатов и хода экспериментальной работы.

На начальном этапе эксперимента было проведено тестирование студентов с использованием вопросов как культурологического характера, затрагивающих общий культурный уровень тестируемого, так и вопросов на знание интересующего вида искусств (см. таблицу 1 и рисунок 1).

Таблица 1 – Результаты тестирования студентов

Оценка уровня знаний	Исторические этапы развития балета	Выдающиеся деятели балета	Балеты
Низкий	80%	75%	75%
Средний	70%	63%	65%
Высокий	50%	35%	35%

Из таблицы 1 и рисунка 1 видно, что лучший результат данного тестового среза представлен в области, связанной со знаниями по истории искусств, достаточно средний – с именами артистов балета и знакомством собственно с сочинениями этого жанра, и наименьший в знаниях балетной специфики и терминологии балета. С одной стороны, эти результаты объяснимы изучением студентами гуманитарных и музыкально-теоретических дисциплин, а с другой стороны доказывают видимый пробел в области знаний собственно по балетному жанру.

В связи с последним обнаруживается настоятельная необходимость внедрения в учебный процесс специальной дисциплины по изучению этого конкретного жанра, с целью воспитания полноценной личности преподавателя музыки [3].




Рисунок 1 – Результаты тестирования студентов

На следующем этапе было проведено анкетирование студентов. Эта работа проводилась также с целью более развёрнутого исследования знаний обучающихся о жанре балета, в том числе и отечественного. Для большей полноты информации по интересующей нас теме мы предложили различные варианты вопросов: открытые, закрытые, полужакрытые.

На констатирующем этапе эксперимента со студентами III курса специальности «Музыкальное образование» нами были получены следующие результаты (таблица 2 и рисунок 2).

Таблица 2 – Результаты констатирующего этапа эксперимента

Итоговый уровень знаний	Специфика жанра балета Балетная терминология	Необходимость внедрения курса в обучение	Балет в Казахстане
Низкий	80%	80%	79%
Средний	72%	70%	67%
Высокий	65%	65%	50%




Рисунок 2 – Результаты констатирующего этапа эксперимента

Из приведённой таблицы 2 и рисунка 2 мы можем убедиться, что информированность обучающихся по различным направлениям теории и истории балета остаётся на достаточно низком уровне.

Знания по истории становления отечественного балета вообще оставляют желать лучшего.

Сравнительные результаты констатирующего эксперимента представлены на рисунке 3.




Рисунок 3 – Сравнительные результаты констатирующего этапа исследования
 ЭГ – экспериментальная группа;
 КГ – контрольная группа.

Как видно из гистограммы, особых различий в качестве знаний музыкальных произведений в контрольной и экспериментальной группе нет. Основным уровнем является низкий, то есть у этих студентов обнаружилось слабые теоретические знания; способ анализа содержания музыкального образа и средств выразительности характеризуется неустойчивостью; в познании музыкальных образов речевые коммуникации носят личностный характер, но неадекватны содержанию произведений и имеют слабую эмоциональную окраску.

Данные констатирующего этапа эксперимента демонстрируют необходимость формирующего этапа эксперимента.

